МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №79 (6372) 1 шілде, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

## Әділетті Қазақстан

*Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Күмбірлеген домбыраның үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Домбыра әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз болуға тиіс.*

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТҰРҒЫН ҮЙ



### «АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ»

4

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ



### ChatGPT АРҚЫЛЫ миллионер болуға болады

21

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



### «ҮРКЕРДІҢ ТОЛҒАҒЫ»

24

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

# ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

## Ертең елімізде Ұлттық домбыра күні тойланады




Осыдан бес жыл бұрын Күнтізбемізге Ұлттық домбыра күні енгізілген болатын. Сөйтіп, қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында дүниеге келген бұл айтулы күнді шілденің алғашқы жексенбісінде мерекелеп келеміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа: «Домбыра – бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін теңдесі жоқ мәдени мұра. Ұлттық руханиятымызды дәріптейтін мереке домбыраның мәртебесін биікке көтере берсін!», – деген тілек арнаған болатын.

6

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

# АЛЫП МЕГАПОЛИСТІҢ БАС БАСЫЛЫМЫ

## «Almaty aqshamy» 35 жыл бойы жаңалықтың, жақсылықтың жаршысына айналып келеді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Бағыты байсалды, қазақ медиакеңістігіндегі орны бөлек басылым деген тұжырымды «Almaty aqshamy» газетіне қарата айтуға болар. «Газеттен газеттің не айырмашылығы болушы еді, тәйірі, бәрі негізінен елдегі әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайлар мен қоғам өмірі туралы сөз қозғайды емес пе» дерсіз. Иә, солайы солай ғой, бірақ айтудың да түрі, жазудың да жөні бар.

12-13

ҚЫСҚА...

- Президент Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісін өткізді.
- Мемлекет басшысына «Дактилоскопиялық тіркеу» жобасы таныстырылды.
- Сенат заңсыз иемденілген активтерді қайтару және онлайн-платформалар туралы заңдарды мақұлдады.
- Елде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасы арзандады.
- Жас журналистерге арналған Media Bootcamp жазғы мектебі басталды.
- Еуропа олимпиадасынан қазақстандық оқушылар 6 медаль алды.
- Алдағы күндері 40 градусқа дейін аптап ыстық болады.
- Алматыда Халықаралық «International Haileybury FIRST Championship» чемпионатының жеңімпаздары анықталды.
- Мегаполисте 3–5 шілде аралығында Атакент ЭКСПО орталығында Қытай тауарларының көрмесі өтеді.

www.almaty-akshamy.kz

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы
*(бүгін және ертең)*

**1.07.2023**

Түнде:
+15+17 °С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+29+31 °С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

**2.07.2023**

Түнде:
+18+20 °С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
+26+28 °С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

9 772223 237006

## «АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

### АҚОРДА

***Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Люксембургтің Сыртқы және Еуропа істері жөніндегі министрі Жан Ассельборнды қабылдады.***

Қасым-Жомарт Тоқаев Жан Ассельборнға ілтипат білдіре отырып, Люксембург Премьер-министрі Ксавье Беттельмен БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-ші сессиясы алаңында өткен келіссөздерін еске алды.

«Сол кезде Қазақстан мен Люксембург арасындағы өзара тиімді серіктестікті дамытудың ұзақмерзімді перспективалары туралы өте табысты әрі мазмұнды әңгіме болды. Қазақстан Сіздің еліңізді және халқыңызды құрметтейді. Біз өзара ынтымақтастығымыздың болашағына сенеміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу барысында олар көлік және логистика, цифрландыру, «жасыл» энергетика салаларындағы, сондай-ақ Астана халықаралық қаржы орталығы аясындағы өзара іс-қимыл перспективаларын қарастырды.

Ал мейман министр өз кезегінде: «Бүгін таңертең біз өзара түсіністік туралы екі меморандумға қол қойдық. Қазіргі уақытта Cargolux Қазақстанға апта сайын 21 рейс жасайтынын білесіз. Сондай-ақ, Люксембург мультимодальды хаб саналады. Осыған байланысты Астана әуежайы – біз үшін өте маңызды пункт. Люксембург компаниясы бірлескен осы ірі жобаны жүзеге асыра алатынына ризашылығымды білдіремін. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрімен өзара түсіністік туралы екінші меморандумға қол қойдық», – деді.

### СЕНАТ

***Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата сессиясында заңсыз иемденілген активтерді қайтару және онлайн-платформалар туралы заңдар мақұлданды.***

«Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңдар топтамасы Мемлекет басшысының елдік мүддені көздеген бастамасын іске асыру мақсатымен әзірленді. Қаралған заңнамалық актілер заңсыз шығарылған активтердің шығу тегін ашуға, растауға, оларды қайтаруға және активтерді мемлекет пен ел мүддесі үшін қолдануға қажетті құқықтық тетіктерді айқындайды. Қайтарылған активтер Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруды көздейтін әлеуметтік және экономикалық жобаларды қаржыландыру үшін қолданылу қажет. Жалпы, мақұлданған заңдар Әділетті Қазақстан құру жолында жасалған тағы бір нақты қадам екені сөзсіз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыс кезінде «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарап, мақұлдады. Аталған құжаттар, ең алдымен, балаларды әлеуметтік желілердегі жалған ақпараттан, бақылаусыз жарнамадан және буллингтен қорғауды күшейтуге бағытталған.

### МӘЖІЛІС

***Кеше Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтіп, онда бірінші сессияның жұмысы қорытындыланды. Е.Қошанов Парламенттің осы сессиясы небәрі 100 күнге созылғанына қарамастан, атқарған жұмысы өте маңызды әрі мазмұнды болғанын атап өтті.***

«Өткен жылы Қазақстан халқы бүкілхалықтық референдумда Президент реформаларын қолдады. Еліміздің жаңарған Конституциясы бүкіл мемлекеттік жүйе бойынша ауқымды өзгерістерге жол ашты. Суперпрезиденттік жүйеден президенттік республика үлгісіне көштік. Парламенттің рөлі мен мәртебесі күшейді. Ел басқару ісіне халықтың атсалысу белсенділігі арта түсті», – деді Е.Қошанов.

Сессия барысында Палаталардың 3 бірлескен отырысы, Сенаттың 12 және Мәжілістің 15 жалпы отырысы өтті. Онда 120-дан астам мәселе қаралды. Сондай-ақ, Парламенттің қарауында 82 заң жобасы болса, соның ішінде 25 заң қабылданып, 13 заң күшіне енген.

«Біз Ұлттық қордан балаларға бөлінетін төлемдер мәселесі жөніндегі заң жобасымен жұмысты жалғастыратын боламыз. Бұл Президенттің ауқымды реформалары аясындағы негізгі бастамасының бірі. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Салық, Бюджет, Су, Қала құрылысы кодекстерімен, Мемлекеттік сатып алу, Ғылым және технологиялық саясат туралы заң жобаларымен жұмыс істеу міндеті алдымызда тұр», – деді Мәжіліс төрағасы.

### ҮКІМЕТ

***ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Атаnat партиясының барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының республикалық форумында сөйлеген сөзінде азаматтардың табысын арттыру, мектептер, медициналық мекемелер, тұрғын үйлер салу және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту іс-шаралары туралы айтты.***

Үкімет басшысы биыл 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде әлеуметтік төлемдерге, денсаулық сақтау мен білім беруге, нақты сектор мен инфрақұрылымды дамытуға және басқа да бағыттарға қосымша 2,2 трлн теңге қаражат бөлінгенін атап өтті.

«Мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелері уақытылы және толық көлемде орындалып келеді. Биыл 4,4 млн адамды көтерілген әлеуметтік төлемдермен қамтуға 4,6 трлн теңге бөлінді», – деді Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, халықтың табысын арттыру шаралары аясында 3 млн-нан астам адамның табысы өсті. Соның ішінде, бюджет саласындағы 1,2 млн қызметкердің жалақысы 30%-ға дейін ұлғайтылды. 1 млн-нан астам жұмысшының жалақысы 10-нан 50%-ға дейін көтерілді. Жәрдемақылар 900 мыңға жуық адамды қамти отырып, 23%-ға өсті. Студенттерге стипендия 20%-ға көтерілді. Бұдан басқа, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру шеңберінде жыл соңына дейін 1 млн-ға жуық адам жұмыспен қамтылады.

### ӘЛЕУМЕТ

***ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаев Атырау облысына жұмыс сапары барысында ҮЕҰ, ардагерлер ұйымының өкілдерімен, мүгедектігі бар адамдармен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен кездесті.***

Ол ҚР Әлеуметтік кодексінде көзделген балалары бар отбасылар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау іс-шараларын күшейту туралы айтты.

«Әлеуметтік кодексте, біріншіден, мемлекеттік қолдау парадигмасын түбегейлі өзгерту көзделеді: ол салдарын жоюға емес, өмірлік қиын жағдайлардың алдын алуға көбірек бағытталатын болады. Екіншіден, әлеуметтік қызметтерді көрсетудің бүгінгі күні қолданылатын өтініш формасынан оларды ұсынудың анықтау нысаны мен проактивті форматына көшуді қамтамасыз ететін әлеуметтік саланы цифрландыруды тереңдету. Үшіншіден, азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз ету үшін жауапкершілік тек мемлекетке ғана емес, жұмыс берушілер мен азаматтардың өздеріне де жүктелетін болады. Бұл міндеттемелер жаңа әлеуметтік келісім-шарт аясында жүзеге асырылады. Төртіншіден, әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралар нәтижелі және ресми жұмыспен қамтуды ынталандыруға бағытталатын болады. Бесіншіден, халықты жұмыспен қамту саласындағы жаңа тәсілдер еңбек нарығын ырықтандыруды, жұмыс күшінің дағдыларын арттыруды және жұмыспен қамту орталықтарын трансформациялауды көздейді», – деді Олжас Ордабаев.

***(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).***

ПРЕЗИДЕНТ

# ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

## қатаң сақталуы керек



## Мемлекет басшысы Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісін өткізді

**Алқалы жиынға Президент Әкімшілігі мен мемлекеттік органдардың басшылары, ІІМ Алқасының мүшелері және орталық аппараттың басшылық құрамы, өңірлік полиция департаменттерінің, аумақтық қылмыстық атқару жүйесі департаменттерінің басшылары қатысты.**

### «ЖҰРТҚА ЖАҚЫН ПОЛИЦИЯ» ҚАҒИДАТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігі мемлекеттік басқару жүйесінде айрықша рөл атқаратын құрылым екенін атап өтіп, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күресу аса маңызды міндет саналатынын айтты.

Президенттің айтуынша, полиция халықтың құрметіне ие мамандықтың бірі болуы керек. Сондықтан қазір ішкі істер органдарының жұмысын жетілдіруге баса мән беріліп, полиция қызметінің сервистік моделі енгізіліп жатыр.

– «Жұртқа жақын полиция» қағидатын орнықтыру үшін нақты іс-шаралар қабылдануда. Осы қарқынды тоқтатпау керек. Пилоттық жоба аясында қол жеткен жетістікпен шектеліп қалуға болмайды. Ашығын айтқанда, қызмет көрсетудің сервистік моделі туралы тек мамандар ғана айтып жүр. Қарапайым азаматтар мен қоғам өкілдері пікір білдіріп жатқан жоқ. Бұл – халық оның нақты нәтижесін, оң өзгерістерді көріп жатқан жоқ деген сөз. Сондай-ақ, сотқа дейінгі тергеу саласына да назар аударған жөн. Бұл – құқық қорғау жүйесіндегі мемлекеттік қызметтің ерекше бір түрі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### ХАЛЫҚ АЛАЯҚТАРДАН ЗАРДАП ШЕГУДЕ

Президент қоғамдағы алаяқтық әрекеттерге тағы бір өзекті мәселе ретінде арнайы тоқталды.

– Қазір көптеген азаматымыз алаяқтардың айласына түсіп, алданып қалып жатыр. Сондықтан құқық қорғау органдары алаяқтарға қарсы табанды күрес жүргізуге тиіс. Оларға ешқандай жеңілдік жасалмауы керек. Себебі, алаяқтардың жасаған әрекетінен халық зардап шегуде. Мысалы, жақында бір туристік компания заңға бағынатын бір топ азаматты алдап, оларды қажылыққа жіберген. Енді кінәсіз адамдар Сауд Арабиясының полиция учаскесінде қамауда отыруға мәжбүр. Осындай алаяқ компанияның заңға қайшы әрекеті азаматтарымыздың денсаулығына, олардың моральдық жағдайына және жалпы еліміздің беделіне үлкен нұқсан келтіріп отыр. Бұл жерде, әрине, адамдардың құқықтық сауатсыздығы да бар. Енді мемлекетіміз, яғни Сыртқы істер министрлігі оларға барынша көмектесуі қажет. Ал Ішкі істер министрлігі алаяқ компанияның басшылығын, қызметкерлерін заңға сәйкес жауапқа тартуға тиіс. Әділетті қоғам құрамыз десек, дәл осындай өзекті мәселелерді шешуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### ШЕШУШІ РӨЛ – УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРЛАРДА

Мемлекет басшысы отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысының тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару керек екенін атап өтті.

– Статистика көңіл көншітпейді. Кейінгі екі жарым жылда үйдегі зорлық-зомбылықтың салдарынан 300 адам көз жұмды. Денсаулыққа ауыр зиян келтірудің 878 фактісі және орташа зиян келтірудің 808 фактісі тіркелген. Осындай құқық бұзушылықтар бойынша 37 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жағдайды түзеу үшін алдын алу іс-шараларын кешенді түрде жүргізу қажет. Бұл жерде учаскелік инспекторлар шешуші рөл атқарады. Уақытылы шаралар қабылданса, отбасылық және тұрмыстық ұрыс-керіс кезінде жасалған қылмыстардың көпшілігінің алдын алуға болар еді. Яғни біреудің өмірі мен денсаулығын сақтап қалар едік. Мұны тәжірибе көрсетті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨЛЕҢКЕ ТҮСПЕСІН

Президенттің пікірінше, құқық қорғау органдары әрқашан басты назарда ұстауға тиіс тағы бір маңызды мәселе – жол қауіпсіздігі деңгейін арттыру.

– Кейінгі үш жылда жол-көлік оқиғаларының саны 9 пайызға өсті. Оның салдарынан 6,5 мыңнан астам азамат қаза тауып, 55 мыңнан астамы жарақат алды. Шын мәнінде, біз жыл сайын ірі елдімекендердің халқынан айырылып отырмыз. Бұл – еліміз үшін нағыз қасірет. Біз адамдардың өмірі мен денсаулығы ең басты құндылық екенін үнемі айтамыз. Сондықтан жағдайды түзеу үшін жүйелі шаралар қабылдау керек. Ең алдымен, барлық азаматтың назарын жол жүру ережелерін мүлтіксіз сақтауға аудару керек. Мәселен, жаяу жүргіншілердің кінәсінен тек биылдың өзінде 164 жол-көлік оқиғасы болып, салдарынан 24 адам қаза тапты, 142 адам жарақат алды. Апаттардың көптігі жол қауіпсіздігі деңгейінің автомобильдер санының өсіміне сай келмейтінін көрсетеді. Бұл жол инфрақұрылымына да, оның қауіпсіздігіне жауап беретін қызметтердің жұмысын ұйымдастыруға да қатысты. Жуырда ғана электр самокаттарын және басқа да жеке көлік құралдарын пайдалану тәртібін реттейтін заң қабылданды. Енді көліктің жаңа түрлерін іс жүзінде қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет басшысы ел аумағына ретсіз әкелінген шетелдік көліктер де жолдағы жағдайды ушықтырып жібергенін айтты.

– Мұндай көліктерді тізгіндеген жүргізушілер жол жүру ережесін өрескел бұзды және көбіне жазасыз қалды. Қазір менің тапсырмам бойынша бұл көліктердің мәселесін құқықтық тұрғыда реттеу үшін заңдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Уәкілетті мемлекеттік органдардың үстірт шешімі осындай көліктердің елге жаппай әкелінуіне себепші болды. Енді жіберілген олқылықтарды түзеуге мәжбүр болып отырмыз. Оның ішінде Ішкі істер министрлігінің де қателіктері бар. Бұдан бөлек, шетелдік көліктерді әкелумен және оны есепке қоюмен айналысатын қылмыстық схемалар пайда болды. Оған полиция қызметкерлерінің де қатысы бар. Әділетті әрі құқықтық мемлекетте бүкіл құқық қорғау жүйесінің атына кір келтіретін мұндай заңсыздықтарға жол берілмеуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОПТАРМЕН ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕС

Президент айрықша назар аударған тағы бір өзекті мәселе – ұйымдасқан қылмыспен күрес.

– Ұйымдасқан қылмыстық топ өкілдерімен «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге баруға, астыртын мәміле жасауға, сыбайластыққа жол берілмейді әрі қатаң тыйым салынады. Кезінде Абай «Күшік асырап, ит еттім, ол балтырымды қанатты. Біреуге мылтық үйреттім, Ол мерген болды, мені атты» деп айтқан. Таяудағы оқиғалар қылмыс әлемінің өкілдері, түптеп келгенде, мемлекет пен заңға бағынатын азаматтарға қарсы бас көтеріп, саяси талап қоюға және өз дегенін жасатуға тырысатынын көрсетті, – деді Президент.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы заңға бағыну мен құқық бұзушылықтың аражігін нақты ажырата білу қажет екеніне тоқталды.

– Қоғамда заң мен тәртіп қатаң сақталуы керек. Сонда ғана еліміз өсіп-өркендейді. Бұл – мызғымас қағида. Қылмыскерлермен күрес ымырасыз жүргізілуге тиіс. Бірдебір құқық бұзушылықты елеусіз қалдыруға болмайды. Мұнда ұсақ-түйек деген жоқ. Полиция қызметкері заңға бағынатын адамға құрметпен қарауы керек. Ал тәртіп бұзушылармен заң аясында сөйлесу қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### ТҮЙІН:

***Алқа мәжілісінде Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов сөз сөйлеп, нашақорлық, адам саудасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты қоғамдағы кеселдер мен қылмыстың алдын алу және оларға қарсы күрес іс-шаралары, сондай-ақ, құқық қорғау органдарында жүргізіліп жатқан реформалар жөнінде арнайы баяндама жасады.***

***Президент министрдің баяндамасына қатысты пікір білдіре отырып, нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресу үшін құқық қорғау органдары шұғыл іс-шаралар қабылдауы қажет екенін айтты. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы алаяқтықпен күресуге бағытталған алдын алу іс-шараларын күшейту маңызды екеніне назар аударды.***

**Беттi әзiрлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

БРИФИНГ

# ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫ АЯҚТАЛДЫ

**Биылғы 1 наурызда басталған көктемгі әскерге шақыру науқаны аяқталды. Қорытындысы бойынша мыңнан астам сарбаз әскерге шақырылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте заң қызметінің басшысы Дәуренбек Шегебаев пен Алматы қаласы Қорғаныс істері департаментінің медициналық қызмет басшысы Қанибек Манапов айтты.**

Нұржамал ӘЛІШЕВА



*«Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жылына екі рет, наурыздан маусымға дейін және қыркүйектен желтоқсанға дейін жүргізіледі. Биылғы көктемгі әскерге шақыру науқанын қорытындылай келе, ҚР ҰҚК Шекара қызметіне, ҚР Қарулы Күштеріне, Мемлекеттік күзет қызметіне және ҚР ІІМ Ұлттық ұланына 1200-ге жуық азамат шақырылғаны белгілі болды. Ал жылдың соңына дейін Алматы қаласы бойынша 2500-ге жуық адамды шақыру жоспарлануда»,* – деді Д.Шегебаев.

Спикер әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру мынадай негіздер бойынша берілетінін еске салды: отбасылық жағдайға байланысты (отбасы мүшелерінің біріне қарайтын, мүгедек жан бар болса, некеде тұрып, бір немесе екі баласы болса); оқуын жалғастыру үшін (қашықтан оқығанда қоспағанда, оқу оқыған кезінде); денсаулығына байланысты (шақыру комиссиясының шешімімен); басқа да себептерге байланысты (оларға қатысты анықтау жүргізілетін құқық қорғау органдарына түсетін педагогтарға, дәрігерлерге, депутаттарға, ұшу экипаждары мен кемелерінің мүшелеріне).

Сонымен қатар, биылдан бастап мерзімді әскери қызметтегілерге келесі жеңілдіктер қолжетімді болды: ЖОО-на грант бойынша түсу, ҰБТ тапсыруына қарамастан түсу, әскери ЖОО-ға түсу емтихандарынсыз түсу. ҚР Қорғаныс министрі жалпы саны 15 000-ға жуық адамды құрайтын кейбіреулеріне тегін оқытуға сертификаттар табыс етті; мерзімді әскери қызметшінің қызмет ету кезеңіне екінші деңгейдегі банктердегі кредиттер бойынша сыйақы сомасын есептеуді тоқтата тұру.

Спикер департаментте әскери қызметтен жалтарғаны үшін жауапкершілік қарастырылғанын да атап өтті. Яғни 2 мың АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынады.

БӘРЕКЕЛДІ!

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТ

## дарынды жастарға арналды

**Алматыда Халықаралық «International Haileybury FIRST Championship» чемпионатының жеңімпаздары анықталды.**



Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Champions Award» номинациясында Орал қаласының «HighTech» командасы, «Winning Alliance Captain» номинациясында Алматы қаласының «Balga men Shege» командасы, «Inspire Award Winner» номинациясында Жаңаөзен қаласының «Rebels» командасы жеңімпаз болды.

Әр номинация бойынша чемпионат жеңімпаздары мен үздік номинация иегерлері Білім басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ, үздік нәтиже көрсеткен оқушыларға Қазақстан–Британ техникалық университеті мен «Тұран» университетінің білім гранттары табыс етілді. International Haileybury FIRST Championship чемпионатына Қазақстан, Біріккен Араб Әмірліктері, Қырғызстан және Өзбекстаннан барлығы 250-ден аса оқушыны қамтитын 36 мектеп командалары қатысты.

Робототехника бойынша халықаралық International Haileybury FIRST Championship чемпионатын Алматы қаласының Білім басқармасы «USTEM Robotics» қорымен және Haileybury Almaty халықаралық мектебімен бірлесе отырып, Алматыда 2023 жылдың 28-29 маусымында өткізді.

Чемпионаттың негізгі мақсаты – ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) саласындағы дағдыларды дамыту, ғылым, технология және техника саласында шетелдік ұжымдармен тәжірибе алмасу, түрлі шетелдердің жастары арасындағы қарым-қатынас пен достықты нығайту.

Чемпионат 2 категория бойынша өтті: FIRST LEGO League Challenge және FIRST Tech Challenge. Қатысушылардың жас санаты 10–18 жас аралығын қамтыды. Халықаралық чемпионат жобалардың техникалық аспектілерін ғана емес, сонымен қатар командалардың креативтілігін, тиімділігін және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бағалайды. Бұл жарысты одан әрі қызықты және тартысты етеді, сондай-ақ, робототехника саласындағы дарынды жастарға үлкен мүмкіндік береді.

Жыл сайын робототехникамен айналысатын балалар саны артып, осы бағыттағы үйлесімді жұмыстың нәтижесінде алматылық мектеп оқушылары робототехникадан үздік нәтижелер көрсетіп келеді.

Қазақстандағы робототехника тарихында алғаш рет Даллас қаласында (АҚШ) өткен Vex Spin Up категориясы бойынша әлем чемпионатында Алматының құрама командасы үздік ондыққа кіріп, өз дивизионындағы 80 команда арасынан алдыңғы қатардан көрінді. Сондай-ақ, алматылық оқушылар Хьюстон қаласында (АҚШ) өткен FIRST World Championship әлем чемпионатында бірден үш номинацияны жеңіп алды. Үндістанның Пуна қаласында FIRST Tech Challenge India Championship 2023 турнирінде біздің оқушылар беделді Finalist Alliance Captain Award сыйлығына ие болды.

Чемпионат робототехника саласындағы өзара тәжірибе алмасатын және шабыттандыратын бірегей алаңға айналды және жан-жақтан жиналған жас қатысушылар шеберлігін көрсете отырып, ғылым мен технологияның болашақ көшбасшылары болуға мүмкіндік алды.

ТАЗА ҚАЛА

# ҚОҚЫС МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ

## Биыл Алматыда ғарыштан түсірілген суреттердің көмегімен 6 рұқсат етілмеген қоқыс орны анықталған



**Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыс үйінділерін жою бойынша қабылданған шаралар мен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы брифинг өтті.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Миллиондаған тұрғыны бар алып қалада қоқыс мәселесі күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі десек болады. Өйткені, автокөліктердің көптігінен, географиялық жағдай мен ЖЭО жұмысы, кішігірім кәсіпорындардан шығатын зиянды қалдықтардың әсерінен Алматының экологиялық ахуалы талапқа сай деуге келмейді. Дейтұрғанмен, Алматыда бұл бағытта атқарылған жұмыстар жоқ емес.

Брифингке қатысқан эколог мамандардың айтуынша, Алматыда 2023 жылы ғарыштан түсірілген суреттердің көмегімен 6 рұқсат етілмеген қоқыс орны анықталған. Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің өкілдері қазіргі уақытта олардың барлығы жойылғанын айтады. Мәселен, өткен жылы 12 рұқсат етілмеген қоқыс орны анықталып, олардың барлығы жойылды, сәйкесінше кінәлілер жазаланды.

*«ҚазақстанҒарышСапары «ҰК» АҚ Геосервисінің деректеріне сәйкес, Алматы қаласының аумағында 2022 жылы 12 рұқсат етілмеген тұрмыстық және құрылыс қалдықтар орны анықталған. Солардың ішінде Медеу ауданында рұқсат етілмеген 8 нүкте, Түрксіб ауданында – 2, Алатау ауданында – 2 нүкте тіркелді. Жергілікті атқарушы органдардың күштерімен 12 орын тазартылды. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ геосервисіндегі жұмыс жалғасуда және тұрақты бақылауда»,* – дейді Алматы қаласы бойынша Экология департаменті басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Ерлан Жақиянов.

Департаменттің мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің бас маманы Нұржан Бөлекбаевтың айтуынша, Алматыда әртүрлі жылдары қалдықтарды жинайтын орындардың саны анықталған.

*– Геосервистің деректеріне сәйкес, 2019 жылы Алматыда 86 рұқсат етілмеген қалдықтар орны тіркелген, олар негізінен қалаға жақадан қосылған аумақтардан табылған. Апаттық полигондар қоқыс шығаратын компаниялар мен қоқыс шығарумен айналысатын жеке тұлғалардың жосықсыз жұмысынан пайда болады. Зерттеу нәтижелері бойынша департамент әкімдерге хат жолдады, сондықтан бүгінгі күні барлығы жойылды,* – деді ол.

2020 жылы Алматыда 24 рұқсат етілмеген қалдықтар орны, 2021 жылы – 17 орын тіркелді. Барлығы жергілікті атқарушы органдардың күштерімен жойылды деп айтылады.

Департамент мамандары Алматыда апта сайын қала аумағындағы аудан әкімдіктермен бірлесіп рейдтер жүргізіп, стихиялық қоқыс үйінділерінің пайда болуын болдырмау бойынша тиісті шаралар қабылдап отырады. Мәселен, Экология департаменті, Полиция департаменті және Алматы қаласының мамандандырылған Табиғатты қорғау прокуратурасымен бірлесіп «Таза ауа» атты бірлескен рейдтік іс-шарасын өткізді. Іс-шара барысында 112 автокөліктен сынама алынды. Өлшеу нәтижелері бойынша 11 жүргізушіге ескерту беріліп, 5 жүргізушіге 214 410 теңге айыппұл салынды.

Айта кетейік, егер тұрғындар орынсыз жерде қоқыс шығарылғанына куә болса немесе қоқыс тастайтын жерлерді тапса, мына телефон нөмірлері бойынша хабарласуларына болады: 239-11-03, 239-11-05.

ТАҒАЙЫНДАУ

# ЖАҢА БАСШЫ



**Алматы қаласы әкімінің бұйрығымен сәулетші – қала-лық жоспарлау және урбанистика басқармасы басшысының м.а. лауазымына Нұрлан Боранбаев тағайындалды.**

Нұрлан Ақабайұлы Боранбаев 1963 жылы 22 желтоқсанда Ақтөбе қаласында туған. Алматы сәулет-құрылыс институтын 1988 жылы бітірген. Еңбек жолын Ақтөбедегі «Ақтөбеазаматжоба» жобалық ұйымында сәулетші болып бастаған. Жеке компанияларда және мемлекеттік қызметте жұмыс істеген. «Қаланыбезендіру», Ақтөбе қаласындағы «Ақтөбегеодезия» КМК-да басшылық қызметтер атқарған, сондай-ақ әкімнің кеңесшісі, Ақтөбе қаласы сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы болған. Кейін «Ақтөбе облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-нің басшысы, «Актюбгрпждпнпроекттің» бас сәулетшісі болып жұмыс істеген.

Қазіргі лауазымға тағайындалғанға дейін ол «Алматыбасжоспар ҒЗИ» ЖШС-де директормен жұмыс жөніндегі директор қызметін атқарған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТҰРҒЫН ҮЙ



# «АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ»

## бағдарламасының алдын ала қорытындысы шығарылды

**Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы «Алматы жастары» қалалық жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасының алдын ала қорытындысын шығарды.**

Еске салсақ, аталмыш бағдарламаға өтініштер 2023 жылдың 15 мамырынан 31 мамырға дейін қабылданған болатын. Мамандардың айтуынша, баспаналы болуға ниеттілерден барлығы **11 104 өтініш** келіп түскен. Оның ішінде салалар бойынша, атап айтқанда, денсаулық сақтау – 2781; білім беру – 4006; мәдениет – 534; спорт – 186; ЖОО мен ҒЗИ – 1324; БАҚ – 154; әлеуметтік сала – 786; құқық қорғау органдары – 788; коммуналдық қызметтер – 545 өтініш берген.

Қорытынды бойынша **3631 өтініш** мақұлданып, оның ішінде салалар бойынша: денсаулық сақтау – 861; білім беру – 1389; мәдениет – 242; спорт – 57; ЖОО мен ҒЗИ – 477; БАҚ – 85; Әлеуметтік сала – 31; Құқық қорғау органдары – 410; коммуналдық қызметтер – 79 іріктелді.

Салалар бойынша жинаған баллдарына байланысты **1100 үміткерге** сайттағы жеке кабинетке «Отбасы банк» АҚ төлем қабілеттілігін растау үшін жолдама берілетін болады. Жолдама алған өтініш берушілер төлем қабілеттілігін бағалаудан өту үшін 15 жұмыс күні ішінде «Отбасы банк» АҚ-ның кез келген қызмет көрсету орталығына жүгінуі қажет. Төлем қабілеттілігін сәтті растаған қатысушылар 45 күнтізбелік күн ішінде бастапқы және қайталама нарықтардағы тұрғын үйді таңдай алады.

**Ал 2531 қатысушы негізгі тізімнің төлем қабілеттілігін бағалаудан өткенге дейін резервтік тізімде болады.**

Келіп түскен өтінімдерді өңдеу кезінде **7473 қатысушыға** жұмыс орнының бағдарлама талаптарына сәйкес келмеуі, ҚР бойынша меншік құқығында тұрғын үйдің болуы, соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үйді иеліктен шығару, соңғы 6 айда зейнетақы төлемдерінің болмауы, ҚР бойынша тұрғын үйдің бар/жоқ екендігі туралы барлық отбасы мүшелеріне анықтамалардың болмауы, ҚР бойынша меншік құқығында тұрғын үйдің болуы сканерленген балалардың туу туралы куәліктері және некеге тұру/бұзу және т.б. себептерге байланысты жолдама берілмеді.

«Алматы Жастары» бағдарламасы аясында өтініштер мен құжаттарды қарау қорытындысы бойынша толық ақпарат www.almaty-zhastary.kz сайтына орналастырылады.

АБАТТАНДЫРУ

# ҚАЛА КЕЛБЕТІНЕ НҰҚСАН КЕЛМЕУІ КЕРЕК

**Қаланың сыртқы келбетіне нұқсан келтіретін, абаттандыруды бұзатын, тротуарлар мен жол учаскелерін қоқыс тастайтын заңсыз орнатылған стационарлық емес сауда объектілерімен (СЕСО) күресу мақсатында Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша қажетті шаралар қабылдауда.**




Мәселен, қаладағы Жандосов пен Розыбакиев көшелерінің қиылысында 6 заңсыз орнатылған сауда нысаны, Абай даңғылы, 50 мекенжайдағы 8 нысан, Мұстафин мен Біржан көшелерінің қиылысында («Орбита-4» шағынауданы) 3 нысан сүрілді.

Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының қызметкерлері олардың сауда жүргізуге рұқсат құжаттарының жоқтығын анықтады. Заңсыз орнатылған сауда объектілерінің иелерімен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Содан кейін кәсіпкерлер объектілерді өз еркімен бөлшектеді.

Меншік иелері дербес сүруден бас тартқан жағдайда заңсыз орнатылған стационарлық емес сауда объектілері мәжбүрлі тәртіппен бөлшектелетін болады.

Әдетте заңсыз орнатылған дүңгіршектер абаттандыру ережелерін сақтамай, қала құрылысы, санитарлық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларды бұза отырып, тротуарлар мен жол жиектерінде орналасқан.

Еске салсақ, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша биыл алғаш рет «Алматы қаласының аумағында және қала маңындағы аймақта стационарлық емес сауда объектілерін орнату ережелері» қабылданды. Онда стационарлық емес сауда объектілерін орнату тәртібі нақты айқындалған. Ережелермен толығырақ https://adilet.zan.kz/rus/docs/V23R0001707 сілтеме арқылы танысуға болады. Мониторинг қорытындысы бойынша 2022 жылы Алматыда 500-ден астам заңсыз орнатылған стационарлық емес сауда объектілері анықталды, оның ішінде бүгінде 120 нысан сүрілді.

СОТ ШЕШІМІ

# ЖАЗҒЫ КАФЕ СҮРІЛДІ

**Алматыда сот шешімі бойынша Төле би көшесінің солтүстігінде, Момышұлы көшесінің батысындағы сауда павильондары бар кафе сот шешімімен бұзылды.**



Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, меншік иесі жаяу жүргіншілерге арналған тротуарды басып алып, мемлекеттік қордың жерінде жазғы кафе мен дүңгіршектерді заңсыз салған. Бұрын учаске жалға алу құқығымен меншік иесіне тиесілі болған.

Ұзаққа созылған сот тексерулерінен соң мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот өз бетінше салынған құрылыстарды сүру және учаскені ортақ пайдалануға қайтару туралы шешім шығарды. Апелляциялық сот бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгеріссіз қалдырды.

Нысандарды сүру және жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын заңсыз нысандардан босату жұмыстары қолға алынды.

БАСҚАРМА



# ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР

**Алматыда 15 магистральды көшелерде орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Әл-Фараби даңғылы бойымен Асқаров көшесінен Достық даңғылына дейінгі ұзындығы 9 шақырымнан асатын учаскені жөндеу басталды. Бұрынғы орташа жөндеу жұмыстары мұнда 2010 жылы жасалған. Жұмыстар көлік қозғалысы бөлігін ішінара жабу арқылы жүргізіледі.**

Сондай-ақ, Есентай өзені арқылы өтетін әл-Фараби даңғылындағы көпірде 6 маусымнан бастап реконструкциялау аясында құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Жобада көпірді қайта жаңарту және екі веложүргінші көпірін салу көзделген. Бүгінде айналма жолды қамтамасыз ету және инженерлік коммуникацияларды қайта құру үшін бөлу жолағында жол төсемдерін жасау бойынша жұмыстар қолға алынған.

Орташа жөндеу жұмыстары Абай даңғылында, Достық даңғылынан Тілендиев көшесіне дейінгі учаскеде де жүргізілуде. Қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін жөндеу кезінде көшелер ішінара жабылады. Абай даңғылындағы аталған учаскелердегі жол жабынына алдыңғы орташа жөндеу жұмыстары 2012 жылы жүргізілген. Жалпы магистральды көшелерді орташа жөндеуді оқу жылы басталғанға дейін аяқтау жоспарланған.

Алматы қалалық мобильділік басқармасы алматылықтар мен қала қонақтарынан жөндеу жұмыстарына түсіністікпен қарап, шыдамдылық танытуларыңызды сұрайды.

ОРТАША ЖӨНДЕУ

# Көлік қозғалысы шектеледі

**Алматы қалалық мобильділік басқармасы мамандарының хабарлауынша, әл-Фараби және Абай даңғылдарында жол жөндеу жұмыстарына байланысты көлік қозғалысы уақытша шектеледі.**




Орташа жөндеу жұмыстарының аясында асфальтбетон жабынын төсеуге байланысты 1–3 шілде аралығында кешкі сағ. 22.00 мен таңғы 06.00-ге дейін түнгі уақытта Абай көшесінің Достық даңғылынан Назарбаев даңғылына дейінгі бөлігінде солтүстік бағытта көлік қозғалысы тоқтайды.

Батыс бағытта жол қозғалысы Абай даңғылының оңтүстік бөлігі бойынша жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Қонаев көшесінің Құрманғазы көшесінен Абай даңғылына дейінгі бөлігінде көлік қозғалысы шектелетін болады.

Көлік қозғалысы солтүстік және шығыс бағытта Қожабеков, Науаи және Гагарин көшелерімен ұйымдастырылады. Маңайдағы көшелерде көлік қозғалысы өзгеріссіз қалады.

Жөндеу жұмыстары 2023 жылға арналған жоспар аясында жүзеге асырылып жатыр. Осыған орай басқарма мамандары келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініп, жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұрайды.

**Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**

БРИФИНГ

# ТІЛСІЗ ЖАУ

## ТЖД өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға шақырады

**Алматы қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде «Қала аумағы мен таулы орман алқаптарында өрттің алдын алу туралы» тақырыбында Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Самат Асаинов, Іле Алатауы ұлттық паркі бас директорының орынбасары Дархан Исабеков, Іле Алатауы ұлттық паркі экологиялық ағарту және туризм бөлімінің басшысы Жансая Әутәліп, Іле Алатауы ұлттық паркі орманды молықтыру және қалпына келтіру бөлімінің басшысы Райхан Мұхаметжанова қаладағы және тау бөктеріндегі өрттің алдын алу шаралары туралы айтып берді.**



*– Қазгидрометтің» дауылды ескертуіне сәйкес, Алматы қаласының маңында өрт қаупі жоғары. Департамент таулы-орманды жерлерде өрттің алдын алу мақсатында демалыс және мереке күндері жергілікті полиция қызметі мен орман шаруашылығы мекемелерінің өкілдерімен бірлескен рейдтік іс-шаралар өткізуде,* – деп мәлімдеді Алматы қаласы бойынша Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары С.Асаинов.

Бүгінге дейін ТЖД 57 рейд жүргізді, 5 мыңнан астам жадынама таратылып, 100-ден астам от жағу тоқтатылды. 56 жеке тұлғаға 4 млн теңге көлемінде айыппұл салынды. Таудағы өрттің алдын алу үшін от жағуға мониторинг жасау үшін бейнекамералар қойылған. Демалушы жұртты өрт қауіпсіздігі шарасынан хабардар етуге арналған пилотсыз ұшу аппараты тұрақты қолданылады, сондай-ақ хабарландыру автокөлігі пайдаланылады.

*«Көбінесе табиғи өртке – тікелей не жанама кінәлі адамдардың өзі. Сондай-ақ, табиғи өртке сөндірілмеген от, тасталған темекі тұқылы, не сіріңке, тіпті күн сәулесі тікелей шағылысып түскен шыны бөтелке не ыдыс сеп болуы мүмкін»,* – деп толықтырды сөзін департамент басшысының орынбасары.

### Қылмыстық жауапкершілік көзделген

Ұлттық саябақта жай күндері демалушы саны шамамен 6 мың адамға жетсе, демалыс пен мереке күндері 10 мыңға жетеді. Іле Алатауы ұлттық паркінде ыстық тамақ дайындауға арналған арнайы жабдықталған 14 орын (орындық, үстел, от жағуға арналған бетондалған алаң), Алма-Арасан шатқалының аумағында – 12 орын, Үлкен Алматы, Казачка өзендері бойында, «Бутаковкада» – 2 орыннан бар.

ТЖД Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына таулы-орманды жерлерде өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін еске салады. Өрт шығуы мүмкін демалыс орнына қоқысты қалдырмаңыз, оны өзіңізбен бірге алып кетіңіз. Тұтанған сіріңкені, темекі тұқылын тастамаңыз, құрғақ шөпті күйдірмеңіз, от жағуға жол бермеңіз. Арнайы жабдықталмаған жерде гриль мен басқа да пісіру құралын пайдаланбаңыз.

«Іле Алатауы» табиғи паркі Алматы қаласының 20 мың гектардан астам аумағын алып жатыр, оның 9 мың гектардан астамы орман алқабын құрайды.

«Медеу» паркі – 846 гектар, оның 137 гектары Баум тоғайына тиесілі. Жыл басынан бері 3 гектардан астам таулы-орман аумағында 2 өрт болды (былтыр – 1 өрт, шарпыған аумағы – 3 га).

ТЖД ерекше қорғалатын табиғи парктер аумағындағы ормандағы өрт қауіпсіздігі талабын бұзғаны үшін 100 АЕК (345 мың теңге) мөлшерінде әкімшілік жауапкершілік көзделгенін, ал өзге де ауыр зардаптар туындаған жағдайда ҚР Қылмыстық Кодексі шеңберінде қылмыстық жауапкершілік көзделгенін ескертеді.

### 60 адамдық топ – жауынгерлік әзірлікте

Іле Алатауы ұлттық паркінде орман өрттерінің алдын алу және жою жөнінде қандай шаралар қолданылады? Осы мәселеге орай, өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Іле Алатауы ұлттық паркі бас директорының орынбасары Дархан Исабеков, Іле Алатауы ұлттық паркінің экологиялық ағарту және туризм бөлімінің басшысы Жансая Әутәліп, Іле Алатауы ұлттық паркі орманды молықтыру және қалпына келтіру бөлімінің басшысы Райхан Мұхаметжанова айтып берді.

Іле Алатауы ұлттық паркі ауданы 542,4 мың га болатын 4 филиалдан: Ақсай, Медеу, Талғар, Түрген және Алматы мемлекеттік кешенді табиғи қорығынан тұрады.

*«Биылғы 9 ақпаннан 6 наурызына дейін саябақта өрт қаупі басым маусымға дайындық айлығы өткізілді. Ұлттық парк орналасқан жерінде өрттің пайда болу ықтималдығы өте жоғары, саябақтың орташа өрт қауіптілігі жылына 3,0 балды құрайды. Туындаған орман өртін уақытылы жою мақсатында барлық филиалда, Алматы мемлекеттік кешенді табиғи қорығында орман қорғау қызметкерлерінен құралған жауынгерлік әзірліктегі 60 адамдық тұрақты топ құрылды. Олар өртке қарсы арнайы киіммен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген»,* – деді Іле Алатауы ұлттық паркі бас директорының орынбасары Дархан Исабеков.

Өрттің алдын алу және ұлттық парктің мемлекеттік инспекторларының өрт сөндіруге даярлық деңгейін арттыру мақсатында Алматы облысы Қарасай, Талғар мен Еңбекшіқазақ аудандарының төтенше жағдайлар басқармасы өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізді. Биылғы 6 маусымда Іле Алатауы МҰТП аумағында Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаментімен, Алматы қаласының құтқару қызметімен, «Қазавиақұтқару» ММ, «Қазавиаорманқорғау» ММ, Қоғамдық денсаулық сақтау департаментімен, Алматы қаласының табиғатты қорғау полициясы бөлімдермен «Алау – 2023» орман өртін сөндіру мен жою бойынша бірлескен өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді.

Мемлекеттік инспекторлар 131 қызметтік жылқымен қамтамасыз етілген, 4 арнайы өрт сөндіру автокөлігімен, т.б. жабдықтармен қамтылған. Мұнда 2 тонна дизель отыны, 3 тонна бензиннің резервтік қоры құрылған.

Рейд кезінде өрт қауіпсіздігі талабын бұзған 7 адам, орман қорын қоқыс қалдығымен ластау бойынша 5 тәртіп бұзушы әкімшілік жауапқа тартылып, 1 380 000 теңге көлемінде айыппұл салынды. Түнгі уақытта саябақ аумағында кезекшілік ұйымдастырылады. Ұлттық парк өкілдері қоқыс жинау инспекторлардың лауазымдық міндетіне кірмейтінін атап өтіп, демалушыларға қоқысты қалдырмау, тазалық пен тәртіпті сақтауды ескертеді.

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС

# ҚОР ҚЫЗМЕТТЕРІ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

## Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беруге болады

**Бүгіннен бастап зейнетақы жүйесінде бірқатар жаңалықты көздейтін әлеуметтік кодекс күшіне енеді. Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингіне қатысқан «БЖЗҚ» АҚ басқарма төрағасы Жанат Құрманов, «БЖЗҚ» АҚ басқарушы директоры Мұрат Шәріпов, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының өкілдері осы мәселенің маңыздыларына тоқталды.**

*«2023 жылдың 1 шілдесінен бастап міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына беру кезінде зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі бұдан былай ескерілмейді. Салымшы жоғарыда аталған жинақтарының 50 пайызға дейін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беруге құқылы»,* – деп мәлімдеді «БЖЗҚ» АҚ басқарма төрағасы Жанат Құрманов.

Қазір нарықта осындай бес компания жұмыс істейді:

- **«First Heartland Jusan Invest» АҚ.**
- **«BCC Invest» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы.**
- **«Halyk Global Markets» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕҰ).**
- **«Сентрас Секьюритиз» АҚ.**
- **«Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкі ЕҰ» АҚ.**

Зейнетақы жинақтарын бір немесе бірнеше ИПБ-ға аудару, сондай-ақ, жинақтарды Ұлттық банктің басқаруына қайтару үшін салымшы БЖЗҚ-ға өтінішпен жүгінуі қажет. Өтінішті БЖЗҚ сайтындағы Жеке кабинет арқылы не БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне өзі жүгінген кезде беруге болады. БЖЗҚ өкілдері зейнетақы жинақтау жүйесінде қандай өзгеріс күтілетіні, зейнетақы жинағын тұрғын үй сатып алуға не емделуге пайдалану үшін қайда жүгіну керектігі жөнінде түсініктеме берді. Олар жаңа кодекс аясында зейнеткерлердің еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы қорындағы зейнетақы жинағының барлық сомасын тұрғын үй жағдайын жақсарту, емделуге ақы төлеу үшін пайдалану мүмкіндігі көзделгенін атап айтты.

Мәселен, еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлерге әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) мен әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген жылы бар өзге де адамдар және қызметтен босатылған кезде ҚР заңнамасында белгіленген қызметте болудың шекті жасына жеткен жандар жатады. БЖЗҚ-да міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы есебінен қалыптасқан зейнетақы жинағы болған жағдайда, еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер оларды жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толған кезде ерлер үшін 63 жас, әйелдер үшін 61 жас ала алады.

*«Барлық басқа зейнеткерлер, егер олардың зейнетақы төлемдерінің мөлшері 40 пайыздан төмен емес деңгейдегі табысты алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе, тұрғын үй жағдайын жақсарту, сондай-ақ емделу мақсатына міндетті зейнетақы жарнасы есебінен қалыптастырылған өздерінің зейнетақы жинағының 50 пайызына дейін пайдалану құқығын сақтайды. Алмастыру коэффициентін есептеу Үкімет айқындаған тәртіппен жүргізіледі. Коэффициентті есептеу кезінде зейнеткердің зейнетке шыққан күнінің алдындағы, бірақ республика бойынша орташа айлық табысынан аспайтын табысы ескеріледі»,* – дейді Ж.Құрманов.

Тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында БЖЗҚ-дан біржолғы зейнетақы төлемін алу үшін «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға (enpf-otbasy.kz порталы арқылы) немесе екінші деңгейдегі «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Банк Фридом Финанс» АҚ сияқты банктерге жүгінген жөн. Ал емделуге ақы төлеу мақсатында – «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға ғана жүгінуге болады.

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»

# АХАТ БӨЛІМІ

## мемлекеттік корпорацияға беріледі

**Қазақстанда неке бұрынғыдай АХАТ бөлімшелерінде тіркелетін болады. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының өкілдері хабарлады.**

Баспасөз жиынына қатысқан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы директорының орынбасары Әсем Болатбекова, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалының PR-менеджері Жаңыл Әпетова некені тіркеуге өтінішті қабылдау, өңдеу, сондай-ақ шешім қабылдау мен нәтижені беруді АХАТ органдары атқаратынын атап айтты.

*«1 шілдеден бастап АХАТ қызметі мемлекеттік корпорацияға берілетін болады. Бұл ретте некені тіркеу үшін өтініш беру рәсімі өзгеріссіз қалады. Мұны аудандық, қалалық АХАТ бөлімшелері орындайды. Бұдан басқа, электрондық үкімет порталы арқылы онлайн-өтініш беру мүмкіндігі сақталады»,* – деп мәлімдеді Алматы қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалы директорының орынбасары Әсем Болатбекова.

Мемлекеттік корпорация филиалы директоры орынбасарының айтуынша, АХАТ қызметінің мемлекеттік корпорацияға берілуінің басты себебінің бірі – АХАТ электрондық базасында жүргізілген цифрландырудың сапасыздығы. Құжаттар 1937 жылдан бастап сканерленіп, базаға енгізіліп келсе де, әлі күнге дейін сапасыз сканерленген құжат, енгізілген қате дерек, тіркелмеген өзгеріс көп екен. Цифрландырумен ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен мемлекеттік корпорация қызметкерлері айналысатын болады.

Бұл жағдай адамдарды артық құжат жинау әуре-сарсаңынан құтқарады. Некеге тұрғысы келетіндер тіркеуші органға жеке басын куәландыратын құжаттармен бірге келуі керек. Жеке өмір, жеке отбасылық өмірі мен отбасылық құпиясы заңның қорғауында болады. Айта кетерлігі, некені тіркеу АХАТ бөлімдерінде қолданыстағы тәртіппен жүзеге асырылады. Тиісінше, ХҚКО-да салтанатты тіркеу жүргізілмейді.

Алматылық АХАТ қызметкерлерінің 80 пайызы ХҚКО филиалдарына ауысып, қолданыстағы мемлекеттік қызметті көрсетеді. АХАТ-та тегін әрі ақылы қызмет бар. Мысалы, 1 шілдеден бастап некені тіркеу – 3874 теңге.

Өзара келісім бойынша некені бұзу – 7728 теңге. Туу, өлімді тіркеу сияқты әлеуметтік маңызды қызмет – тегін.

*«АХАТ қызметкерлерінің жас жұбайларға коммерциялық қызмет көрсетуге құқығы жоқ. Олардың міндеті – өтініш қабылдау, тіркеу күнін белгілеу, тіркеуді жүргізу және құжат беру. Ал Азаматтарға арналған үкімет – коммерциялық қызмет көрсететін корпорация. Сондықтан бізге өткен қызметкерлер – нарыққа қатысушы,* – дейді Ә.Болатбекова.

КЕРЕК ДЕРЕК

**Жыл басынан бері АХАТ желісі бойынша Алматы ХҚКО арқылы 33 377 қызмет көрсетілген.**

**Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу (оның ішінде азаматтық хал-актісінің жазбасына өзгеріс, толықтыру мен түзету енгізу) – 1004;**

**Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу – 1628;**

**Баланың тууын тіркеу – 8513.**

**Бетті әзірлеген Айнабай МӘДИ.**

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

# ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

## Ертең елімізде Ұлттық домбыра күні тойланады

**Алматыда 2 шілде күні сағат 20.00-де Абай алаңында Ұлттық домбыра күніне орай «Аңыз Домбыра» мерекелік концерті өтеді. Мерекелік кеште Мейрамбек Беспаев, Асылбек Еңсепов, Ғазизхан Шекербек, Жанар Айжанова, «Алашұлы» тобы, Тамара Асар, Ерболат Құдайберген, Нұрлан Албан, «Ұлытау» тобы, Райм Уайс, Kyle Ruh, «Made in KZ» және т.б. өнер көрсетеді.**



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Сонымен қатар, концертке Нұржан Тәжікенов, Айгүл Қосанова, Тілеулес Құрманғалиев, Сәуле Жанпейісова, Гүлмира Сарина, Ардақ Исатаева және Еркін Құдайберген секілді танымал күйшілер қатысады. Олар ұлы композиторлар Құрманғазы мен Н.Тілендиевтің танымал халық әндері мен шығармаларын орындайды. Іс-шара аясында қазақ халық аспаптары шеберлерін – талантты қолөнершілерді естелік сыйлықтармен марапаттау өтеді.

Айта кетерлігі, ұлттық аспаптың құрметіне арналған мереке Қазақстанда жыл сайын 2018 жылдан бастап шілденің бірінші жексенбісінде атап өтіледі. Ұлттық домбыра күнін мерекелеу қаланың басқа аудандарында да өтеді:

– Әуезов ауданында «Ұлттық домбыра күні» мерекелік флешмобы 2 шілде күні сағат 09.00-де Алтынсарин даңғылы, 23 мекенжайы бойынша аудан әкімдігі ғимаратының алдында өтеді.

– Алатау ауданында «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!» мерекелік концерті Ұлттық домбыра күніне орай 2 шілде күні сағат 11.00-де «Нұркент», 5/11 шағынауданындағы дәстүрлі музыканың мультимедиялық орталықта өтеді.

– Жетісу ауданында Ұлттық домбыра күніне арналған «Алтын домбыра – Жетісу әуені» жан басына қаржыландыру аясында балалар арасындағы байқау 2 шілде күні сағат 12.00-де Серіков көшесі, 2 мекенжайындағы «Гүлдер» саябағында өтеді.

– Медеу ауданында 30 домбырашы мен Медеу ауданының жалпы білім беретін мектептері оқушыларының қатысуымен шағын флешмоб 1 шілдеде сағат 10.00-де, Зенков көшесі жағынан 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта өтеді.

– Наурызбай ауданында «Домбыра party» мерекелік концерті 30 маусым күні сағат 19.00-де Шұғыла, 347-дегі аудан әкімдігі ғимаратының алдында өтеді.

– Түрксіб ауданында Ұлттық домбыра күніне арналған мерекелік флешмоб 1 шілдеде сағат 10.00-де, Сейфуллин даңғылы, 13/1 бойындағы №6 оқушылар үйінің алдындағы алаңда өтеді.

Сонымен қатар, Алмалы және Бостандық аудандарында Ұлттық домбыра күніне арналған домбырашылар флешмобы өтеді.

БІЗДІҢ БРЕНД

**Дүние жүзі халықтарының әрбірінің өзіне тән құндылықтары бар. Соны әспеттеп құрметтейді. Тіпті, оларды ғаламдық брендке айналдырып жіберген. Одан біз де кенде емеспіз. Қазақтың басты музыкалық аспабы, ол – домбыра.**

# БАРЫМЫЗ ДА, НАРЫМЫЗ!

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Дүниеде тауды өзеннен бөлек ажыратып қарай алмасымыз анық. Егер ондай болған болса, тартымды болмас болар. Сол сынды қазақты домбырасыз елестету қиын. Біз үшін ең киелі жауһарымыз – домбыра. Ендеше, ұлтымыздың ұлы құндылығы жөнінде бірнеше деректі назарларыңызға ұсынамыз.

Швейцариялық компания алтынмен апталған, күміспен күптелген домбыра шығарды. Оған 24 каратты гауһар тасы бар саф алтын пайдаланылған. Құны – 50 мың еуро. Гиннесстің рекордтар кітабына енген ең кішкентай домбыраның ұзындығы 4 см, 5 мм, ені 1 см 4 мм. Бұйым шамамен бір айға жуық уақытта жасалған. Құлақтары, ішектері, сыртқабы да бар.

Домбыра туралы мәлімет 2013 жылы Гиннесс рекордтар кітабына тағы бір мәрте тіркелген. Бұл жолы Атыраудағы жағдай сенсациялық жаңалық ретінде берілген. Қазақтың көрнекті күйші-композиторы Құрманғазының 190 жылдығына орай ұйымдастырылған музыкалық фестивальде 1000 домбырашы қатар өнер көрсеткен. 2016 жылы 19 жасар Ерайдын Тасболат домбырамен Еуропаның және Ресейдің аса биік шыңы Эльбруста күй шертіп, елді таңқалдырған. Ол бұл өнерін ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту еткен.

Қытайдағы қандастарымыз дүние жүзіндегі ең үлкен домбыраны жасаған. Құлжадағы ағалы-інілі шеберлер Бақыткелді мен Бақытнұр Аренғазылар ұзындығы 7 метр, шанағының кеңдігі 1,8 метр ұлттық аспапты жасап шыққан.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

# АЛТАЙ–ІЛЕ–ТАРБАҒАТАЙ КҮЙШІЛІК МЕКТЕБІ БӨЛЕК АТАЛСА...



2 шілде – Домбыра күнінің келуіне орай өзімнің азаматтық және Алтай, Тарбағатай мектебінің өкілі ретінде ой-пікір, көзқарастарыммен бөлісейін. Қытайда қалың қазақ қоныстанған үш облыс бар. Олар – Алтай, Іле, Тарбағатай. Онда өзіндік күйшілік мектеп қалыптасқан. Ол XIX ғасырда ғұмыр сүрген Бейсенбі Дөненбайұлы, Қайрақбай Шәлекенұлы, Әшім Дұмшыұлы, Қожеке Назарұлы сынды төрт тұлғадан бастау алады. Осы кісілердің күйлерін зерттеп, 1985 жылы атақты киноактер, халқымызға еңбегі сіңген зерттеуші Байақын Әлімбеков, белгілі домбырашы Дәулет Халықұлы тас басып, тау асып бүкіл елді аралап жүріп, «Күй қайнары» атты кітап құрастырды.

1986 жылы Іле Қазақ автономиясы тұңғыш рет домбыра сыныбын ашты. Ол жақта орта техникум деп айтады. Осы жақтың тілімен айтқанда, колледжге аталмыш кітапты арнаулы оқулық ретінде енгізді. Сол жылы қабылданған 40 оқушының ішінде өзім де бар едім. Аталған күйшілік мектептің түлегіміз. Қазақ елі егемендік алғаннан кейін осы кісілердің еңбегінің бәрі жеке тұлға ретінде жетіп жатты. Әуелден Алтай–Іле–Тарбағатай күйшілік мектебі деп жетуі, халыққа сіңуі қажет еді. Осы тарихты біле бермегендіктен бертіндегі уәкілдерінің еңбектерін жеткізді. Оған қарсы емеспіз. Осы жаққа қанша көп күй жетсе, ол қазақтың қазынасына қосыла береді. Шығыс Қазақстан күйшілік мектебіне Алтай–Тарбағатайды қосты да, Жетісуға Ілені қосып қойды. Сонда үш аймақ екіге бөлініп қалды. Осы арада реніжитін жағдай шықты.

Өзімнің ойым – Алтай–Іле–Тарбағатай күйшілік мектебін бөлек таныса екен. Ғалымдар сол туралы мақала жазса, зерттесе. Біздің қолымызда сол туралы материалдар бар. Шыңжаң қазақтары туралы «1000 күй» жинағын жинақтасақ деген ұлы жоспарымыз бар. Әрине, ол жағы оңай да емес. Музыка саласын зерттеп жүрген ғалымдарға осы көзқарасымды айтқым келеді. Осы ойымызды іске асыратын басты құндылық домбыра болып қала бермек.

Мерейлі мереке құтты болсын!

Аршын КӘСІМБАЙҰЛЫ,
күйші.

ЖИЫН

# ҰЛТТЫҢ ҮНІ

**Достық үйінде Ұлттық домбыра күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. Ұлттық аспабымызды ұлықтауға арналған бұл жиынға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушылары мен студенттері, дәстүрлі өнер майталмандары, дәулескер күйшілер, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүшелері, қала жастары қатысты. Сондай-ақ, Алматы қаласы мәслихатының депутаты Қарашаш Джузеева, «Қазақстан Орыс мәдени орталығының» төрағасы Всеволод Лукашев қатысып, өзіндік ерекше орны бар ұлттық домбыра туралы ойларын білдірді.**




Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Жиын Алматы қаласындағы республикалық Достық үйі, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы этносаралық қатынастар мәселелері бойынша бөлімі – Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы және «Қазақстандық орыс мәдени орталығы» ҚБ ұйымдастыруымен өтті. Ұлттық аспапты дәріптеген күйшілер мен орындаушылар күй тартты. Қазақтың қара домбырасынан төгілген күй тынымсыз ойынды бір сәт тұңғиыққа жетеледі. Халық күйшілерімен қатар, өзге ұлт өкілдерінің де домбырамен күйге жан бітіргеніне куә болдық.

*«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген Қадыр Мырза-Әлінің сөзінде үлкен философиялық мән жатыр. Домбыра – жәй ғана музыкалық аспап емес, қазақ халқы үшін бүкіл әлем. Ұлтымыз үшін қастерлі саналатын аспап рухты тарихымыздың символы саналады. Ұлттық салт-дәстүріміздің бет-бейнесі»,* – деді Алматы қаласы мәслихатының депутаты Қарашаш Джузеева.

Мерекелік іс-шараның мақсаты – қоғамда ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау, қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Талап ҚАРАШ, Республикалық күйшілер бірлестігі Алматы филиалының төрағасы, күйші:**

## ӘР ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АСПАПТЫҢ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАУЫ КЕРЕК

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Ұлттық домбыра күніне арналған іс-шара биыл да жалғасын тапты. Іс-шараның ерекшеліктерінің бірі – халық күйшілері қатысты. Бұрыннан бері дәстүрлі домбыраны насихаттап, республикаға танымал домбырашылардан бөлек ел арасында орындаушылық, күйшілік өнерімен танылған азаматтарды шақырдық. Күйшілер одағының шақыртуын қабыл алған орындаушылар әр өңірден келді. Атап айтар болсақ, халық күйшісі Қызырхан Бабақұмарұлы жақында ғана «Халық күйшісі» төсбелгісімен марапатталды. Шертпе күй мен төкпе күйді қатар меңгерген Ертай Барлықов «Құрманғазы» төсбелгісін алды. Қазіргі таңда домбыраны көпшілік арасында, әсіресе, жастарға насихаттау жұмыстары жоғары деңгейде жүргізілуде. Күйшілер одағы, Домбырашылар одағы құрылды. Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы мен Т.Жүргенов атындағы өнер ордасы осындай игі іс-шарадан тыс қалған жоқ. Әр қазақ Ұлттық аспаптың құлағында ойнауы керек.

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР

# ДОМБЫРАЛАР ҮЙІ

## Алматыда орналасқан Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында 76 жәдігер сақталған

**Ұлттық домбыра күні қарсаңында біз Алматыда орналасқан заманауи Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының тыныс-тіршілігімен танысып қайттық. Бұл орталық осыдан жеті жыл бұрын, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен Алматының 1000 жылдығына орай ашылған. Алматыға келген кезекті іссапарында бұл орталыққа Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы ат басын бұрып, құнды жәдігерлерді көздің қарашығындай сақтап, жастарға насихаттап жүрген өнер өкілдеріне алғысын білдірген еді.**



Нұржамал ӘЛІШЕВА

### БАЙРАҒЫ БИІК БАҒЗЫ ӨНЕР

Иә, бұл мұражай төрінен қазақ халқының ән, күй, ақын-жыраулық өнерін жасаушы және бүгінге жеткізуші өнер тұлғаларының аспаптары орын алған.

Орталықтың ашылу мақсатының бір себебі – заманауи 3D озық технологиясын музей саласына енгізу арқылы қазақтың байрағы биік бағзы да бай һәм көркем дәстүрлі музыка өнерін халыққа және келешек ұрпаққа насихаттау, қазақ мәдениетімен танысуға келген шетел туристерінің қызығушылығын арттыру.

Орталықтың дәл ортасында орналасқан голограммадан төрт өңірдің (Жетісудың; Оңтүстік Қазақстан мен Сырдың; Батыс Қазақстанның; Арқаның) белгілі өкілдерінің орындауындағы танымал ән-күйлер мен жырларды тыңдай аласыз. Музейді тамашалауға келген үлкен-кішіні әсем күй әуені жетелеп, елітіп отырады.

Дәстүрлі музыка орталығында жоғарыда айтылған төрт өңірге жіктеліп орналастырылған 76 жәдігер бар. Оның басым көпшілігі домбыра. Сондай-ақ, белгілі тұлғалардың сыбызғысы, қобызы, дабылы, дауылпазы, шыңдауыл, асатаяқ, шың, сылдырмақ, жетіген, адырна бар.

### «ҚАЙРАН, ШЕШЕМ!»

Әрбір киелі домбыраның өз тарихы, айтары бар. Әр домбыраның жанында авторының суреті, өмірі мен шығармашылығы туралы деректер берілген.

Мәселен, Дина Нұрпейісованың домбырасы да жарқырап тұр. Күйші анамыз 94 жасында Алматы қаласында дүние салған. Көзкөрген замандастары «Дина қыз күй орындағанда, өзі мүлдем көзге көрінбейтін, тек күй ойнап тұратын» дейді екен. Орындаушылық шеберлігінің құдіреті! Қаршадай қыздың даңқын естіп, әйгілі Құрманғазының өзі арнайы іздеп келген. Тоғыз жасынан бастап он тоғызына дейін, қашан ұзатылғанша Құрманғазының баулуында болады. Немересі Балжан Нұрпейісова естелігінде: «Киелі қара домбыраны бала кезінен серік етіп, құдіретті өнеге тұтқаны соншалық, көз жұмарының алдында бес-он минут бұрын өзінің төсегінің тұсында ілулі тұрған домбырасын алдырып, мәпелей сипап, аялай қағып, Құрманғазының «Қайран, шешем!» күйін шертті. Әлсіз саусақтары икемге келмей жатса да, күйді көкірегінде жаңғыртып жатып дүниеден озды», – дейді. Дина әжейдің қазір орталықта тұрған домбырасын Балжан апай басында Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне өз қолымен әкеліп сыйлаған екен. Ал қазір Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығынан орын тепті.

Халық композиторы, суырыпсалма ақын, әнші Біржан сал Қожағұлұлының әйгілі «Теміртас», «Адасқақ», «Айбозым» сынды әндерін шырқатқан домбырасы да тұр. Ақын, әнші, сазгер Ақан сері Қорамсаұлының домбырасының да түпнұсқасы осында. Бөлтірік Атыханұлын жыршы ретінде «Көрұғлы», «Алпамыс», «Мұңлық-Зарлық» дастанын жатқа айтып таратқан домбырасы да көз тартады. Жамбыл Жабаевқа «Ерке атан», «Есім-Саржан», «Өтті-ау, дәурен!» сынды күйлерін сыйлаған киелі домбырасы да шыны әйнектің ішінде жарқырап тұр. Жәнібек Кәрменовтей тұлғаның «Бабалар», «Ағалар-ай», «Толғау» секілді әндерін сүйемелдеген, саусақтарының ізі қалған домбырасы да сақтаулы. Күйші, жазушы, қазақ мифологиясы мен музыка фольклорын зерттеуші Таласбек Әсемқұловтың өз қолымен 2004 жылы жасаған домбырасы да көрнекті жерден орын алған.

Күйші, өнер зерттеушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жарқын Шәкәрімовтің 1964 жылы Ысқақ Ермекбаев деген шеберге жасатқан үш ішекті домбырасы да менмұндалап тұрғаны көз қуантады. Күйші бұл аспаппен үш ішекті домбыраға арналған «Жорға аю», «Теңбіл торы», «Қыз мұңы», «Көк қаршыға» және өз жанынан шығарған «Ой толғауын», «Таскескенін», «Қабанбайы батырын» орындап таратқан.

### ҚАМБАРХАН ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Дәстүрлі ортада домбыраның қалай пайда болғаны туралы аңыздардың бірнеше нұсқасы бар. Солардың бірі домбыра жасаушы Қамбархан жайындағы аңыз.

Ертеде Қамбархан деген аңшы жігіт сойылған аңның ішегін ағаш басына лақтыра салады. Шұбатылған ішек бір бұтақтан екінші бұтаққа ілініп, керіліп қалады. Күндердің бір күнінде Қамбархан сол жерден өтіп бара жатса, құлағына ерекше бір жағымды әуен, құйқылжыған үн естіледі. Жан-жағына қараса, бір бұтақтан бір бұтаққа керіліп қалған қос ішек жел соқса, ызыңдап қоя береді екен. Аңшы жігіт әлгі ағашты кесіп алып, шауып, жонып домбыра жасаған екен деседі.

Домбыра дәстүрлі ортаның ішекті, көп пернелі ұлттық аспабы. Ғасырлар бойы қазақтың мұңы мен шерін тарқатып, көңілін жеңісінде шарықтатып, жеңілісінде демеген, тарихы, салт-санасы мен танымы сақталған.

Ертеде домбыраға ұқсас екі-үш ішекті «таңбура» деп аталатын саз аспабын Әбу Насыр Әл-Фараби жасаған деген деректер бар. Оның пернелерінің саны бесеу болған, басының бір жағында екі құлағы, төменде ішектер үшін кетігі бар тиек орналасқан деп суреттеледі. Таңбура жетілдіріліп, бертін келе домбыраларға ұласқан дейді кейбір музыкатанушылар.

Домбырада дыбыс шығару қызметін атқаратын ішек қой-ешкінің ащы ішектерінен ширатылып жасалады. Ол үшін ащы ішекті қырындысынан тазартып, тұзды суға салып қояды. Кепкеннен кейін ішекті екі асықтың арасына (оны «ақжігіт» деп атайды) салып ысқылап, түйірпектерін сындырады.

Жасалуына, түріне, шек санына, дыбысына қарай домбыраның қос ішекті; үш ішекті; төрт ішекті; қалақша; қуыс мойын; тұмар; қоссаз; қауақ; абыз; кеней; үзбелі; қозықұйрық; құрама; омыралы; шіңкілдек; шаппа; сана; желбезекті; үшем; іші ішекті; кең шанақты; бүктемелі; әмбебап; тегешікті домбыра деп аталатын түрлері бар.

Сонымен қатар, домбыра тағылған әшекейге және сырт пішіне байланысты үкілі, қоңыраулы, шашақты, қоңыр, қызыл немесе қара домбыра деп те атайды.

### ҮШ ІШЕКТІ ДОМБЫРА

Домбыра көшпелі ортада кең таралған аспап ретінде кез келген қазаққа қолжетімді болатындай, әрбір орындаушының эстетикалық талғамы мен жасы, жынысы, дауысы, кәсіби шеберлігіне және т.б. байланысты жасалып, жетілдіріліп отырған. Жас балаларға бір немесе екі ішекті жалпы ұзындығы 45–50 см, ені 8–10 см болатын шіңкілдек деп аталатын шағын домбыра түрі жасалады. Ал жеткіншектер мен әйелдерге арналған домбыра шағын, мойны жіңішке әрі қысқалау, дауысы нәзік келеді.

Жасалу түрі қос ішекті домбырамен бірдей үш ішекті домбыраның айырмашылығы тек ішек санының үшеу болуында ғана. Үш ішекті домбыраның әрбір ішегін дәстүрлі күйшілік мектебінің шеберлері күй орамдарына орай жеке-жеке теріп шертеді. Халық арасында домбыраның қуыс мойны мен шанағының ішіне бойлай қос ішек тартылатын «іші ішекті домбыра» деп аталатын түрі де бар.

Домбыра жасауға үйеңкі, алма, алмұрт, долана, өрік сынды ағаштар таңдалады. Жұмсақ ағаштан жасалған домбыра дауысы «мыңқылдақ» болып келеді деп, қарағай, қарағаш, балқарағай сияқты тығыз ағаштардан да шауып жасаған. Домбыра бөлшектерін жасайтын ағаштарды жарылмау үшін қызып жатқан көңге салып жібіткен немесе ыстық қоламтаға салып морлаған. Қанық тұзды суға салып қайнатқан.

Домбыра жасаудың ертеден екі дәстүрлі жолы қалыптасқан. Оның бірі – бүтін ағаштан бітеу домбыра шабу. Ал екінші түрі – бірнеше ағаштан құрастырылатын құрама домбыра шабылған домбыраға қарағанда жеңіл жасалады. XX ғ. орта шенінен кейін қолға алына бастаған құрама домбыраның бұл түрінің бөлшектері жеке-жеке дайындалып, желімделіп, арнайы жасалған қалыптың көмегімен құрастырылады.

Осы мәліметтердің бәрін Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының экскурсоводы жеткіншектерге де, туристерге де жеткізіп отырады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Роза ЖҮНІСҚЫЗЫ, Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының жетекшісі:**

### КӨПТІҢ ЫҚЫЛАСЫ ЕРЕКШЕ

***Өзіңіз байқап тұрғаныңыздай, біздің орталықтағы домбыралардың пішіні әртүрлі, бір-біріне ұқсамайды. Иә, пішіні мен дыбысы және атауына байланысты домбыраның әр өңірде өзіндік дәстүрлі үлгілері қалыптасқан. Мәселен, күйшілік мектебі мықты дамыған қазақ жерінің батыс аймағында пішіні кесілген алмұртқа ұқсас қауақ домбыра кең тараған. Оның перне саны 12–16 болып келеді. Бұл өңірге тән дәстүрлі кең тынысты төкпе күйлер осы домбырамен атқарылған. Екінші түрі – қазақ жерінің орталығы мен шығысына тән, шанағы үлкен күрек пішіндес, мойны қысқа, 7–11 перneден тұрған қалақ домбыра. Келесі бір түрі – оңтүстік пен Жетісуда кең таралған мойны қысқа, бұрыштары тік, 7–9 пернелі болып келетін домбыра. XX ғасырдың орта шенінде қалыптасқан қоғамдық мәдени үдерістерге байланысты қауақ домбыраны Жамбыл домбыра, ал қалақша домбыраны Абай домбыра деп атау ел арасында қолданысқа еніп кірігіп кетті.***

***Біз осынау қасиетті жәдігерлерді жастарға насихаттаудан жалықпаймыз. Яғни бұл аспаптарды біз тек қана музей сөресіне жайғастырып қана қоймай, сол аспаптардың тікелей ұрпақтарымен шағын концерттік залымызда шығармашылық кештер ұйымдастырамыз. Авторлар туралы тың мағлұматтар жинап ұсынып отырамыз. Көптің ықыласы ерекше. Демек, біз атқарар жұмыс әлі алда деп білемін.***

ЕЛ БІРЛІГІ

# ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ – БАСТЫ БАЙЛЫҚ

## Алматыда ҚХА XXXII сессиясының міндеттерін іске асыру мәселелері талқыланды

**Достық үйінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаевтың төрағалығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының міндеттері және оларды іске асыру жолдары» тақырыбында Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXV сессиясы өтті.**





*Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.*

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Іс-шараға Алматы аудандары әкімдерінің орынбасарлары, қалалық басқармалардың басшылары, Қазақстан халқы Ассамблеясының Алматы өкілдігінің мүшелері мен республикалық және қалалық этномәдени бірлестіктердің төрағалары қатысты.

Арман Қырықбаев өз сөзінде қалалық Ассамблеяның елді саяси жаңғыртудағы, жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы маңызды рөлін атап өтті.

*«Алматы – тарихы мен мәдениеті мол көпұлтты қала. Мұнда әртүрлі этностар мен ұлттардың көптеген өкілі тұрады. Бүгінгі шара қалалық Ассамблея жұмысын жетілдіру барысында өте тиімді серпіліс беретініне сенімдімін. Ассамблея атқаратын жұмыстың арқауы – стратегиялық құжаттарды жұртшылық арасында түсіндіру, олардың іске асуына қоғамды жұмылдыру»,* – деп атап өтті қала әкімінің орынбасары.

Айта кетейік, Ассамблея рухани құндылықтарды ілгерілету бойынша жалпыұлттық маңызы бар жобаларды іске асырады, волонтерлік және қайырымдылық іс-шараларды белсенді қолдайды, медиация институтының дамуына үлес қосады, жастармен тығыз жұмыс жүргізеді.

Арман Қырықбаев ақпараттық-түсіндіру жұмыстары арқылы профилактиканың маңыздылығын атап өтіп, әлеуметтік желілердегі жұмысқа баса назар аударуды, кең аудиториямен жұмыс істеуді ілгерілетуді, мемлекеттік ұлттық саясаттың басымдықтары мен Ассамблея құндылықтарын дәйекті түрде қорғауды ұсынды. Сондай-ақ, ол Мәжіліс депутаттарымен өзара іс-қимыл және Алматы мәслихаты жанынан осындай топ құру мәселесін қозғады.

Қала әкімінің орынбасары Білім және жастар саясаты басқармаларына Ассамблеяның қоғамдық құрылымдарын білім беру мекемелерінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына тарту жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

*«Жастар Ассамблеясы өздерінің іс-шаралары мен бірлестік қатарына көбірек тарту мақсатында жастар қозғалыстарының көшбасшыларымен және жастармен түсіндіру жұмыстарын күшейтуі қажет. Білім беру, жұмысқа орналастыру, кәсіпкерлік және т.б. мәселелері бойынша іс-шаралар ұйымдастыру, әлеуметтік желілерде халық бірлігін нығайту бойынша түсіндіру жұмыстары жиі жүргізілу керек. Мұның бәрі жас ұрпақтың экономикалық, инновациялық, шығармашылық белсенділігін іске асыру үшін барынша қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді»,* – деп атап өтті А.Қырықбаев.

Отырыс барысында қалалық Ассамблея төрағасының орынбасары, Алматыдағы «Қазақстан Орыс мәдени орталығының» төрағасы Всеволод Лукашев сөз сөйледі. Алматы ҚХА Ақсақалдар кеңесі жұмысы туралы оның төрағасы Ахметжан Шардинов айтып берді. ҚХА-ның жастар саясатына Алматы қаласындағы «Ассамблея жастары» РҚБ өкілдігінің кураторы, ұйғыр жастар одағының төрағасы Рустам Қайыраев егжей-тегжейлі тоқталды. Ал ҚХА мүшесі, «Сөйле» қазақ тілі клубының оқытушысы Алина Кан Ассамблея жұмысы төңірегінде және қазақ тілін қарапайым әрі қызықты жолмен қалай үйренуге болатыны туралы баяндады.

Кездесу барысында қатысушылар болашаққа арналған міндеттерді айқындап, Ассамблеяның XXXII сессиясында берілген тапсырмаларды іске асыру бойынша бірлескен жұмыстың одан әрі бағыттарын талқылады.

САРАПТАМА

## ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ОЙЫН КАРТАСЫ:

# АҚШ ҚЫТАЙҒА ҚАНДАЙ МҮМКІНДІК ТУДЫРДЫ?

**Қазіргі жаһандық жағдай державалар арасындағы өзара бәсекелес іс-қимылдарға орай қалыптастып жатыр. Сондықтан сарапшылар ірі державалардың түрлі аймақтардағы іс-әрекеттерін салыстыра бағалауға тырысады. Айталық, АҚШ пен Қытай арасындағы лидерлік бәсекелестік Үнді-Тынық мұхит аймағында қызу жүріп жатыр. Әлемнің өзге геосаяси аймақтарында да екі елдің қадамдары осыған ұқсас қалыппен өрбуде. Айталық, Қытай Орта Шығыста өзінің стратегиялық белсенділігін арттырып, Құрама Штаттардың аймақтағы одақтастарын өзіне тартуда.**



Құрама Штаттардың Орта және Таяу Шығыстағы стратегиясы көпке таныс. Аймақтағы Израиль, Сауд Арабиясы және Парсы шығанағындағы бірқатар араб елдерімен одақтастық, жақын серіктестік қарым-қатынас орнатқан. Бұл арқылы аймақта Иранның ықпал-күшінің кеңеюіне және өзге де стратегиялық бәсекелестерінің аймақтағы қадамдарына өнімді тосқауыл қойып келген. Ұзақ жыл Ауғанстанда, Ирак пен Сирия жерінде әскери күш ұстап тұрғандықтан, Орта-Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия басты ойыншы ретінде мойындалды. Тіпті, белгілі деңгейде Орта Азияға да ықпал-күшін арттырып келді.

Дегенмен, соңғы кездері жағдай өзгере бастады. Қытайдың арта түскен экономикалық, әскери және саяси ықпалын Үнді-Тынық мұхит аймағында тежеп қалу үшін Құрама Штаттардың назары осы аймаққа шоғырланды. Әрі айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Бірақ бұл Вашингтонның Орта-Таяу Шығысқа салған назарын әлсіретіп кендей болды. Бейжің бұны өзіне тиімді пайдалануға тырысып жатқандай. Соңғы уақытта аймақтағы ықпалын күрт жоғарылатты. Былтыр жыл соңында Қытай төрағасы Ши Жінпің (Си Цзиньпин) Таяу Шығыс елдеріне сапарлай барды. Сол тұста американдық сарапшылар бұл тарихи сапардың нәтижесін төмен болады деп шамалаған еді. Алайда, қазір біз Қытайдың Орта және Таяу Шығыстағы ықпалының айтарлықтай өскенін аңғарамыз.

Наурызда Қытай Сауд Арабиясы мен Иран арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға араағайындық жасады. Эр-Рияд пен Теһран (Тегеран) ортасында дипломатиялық қатынас жанданды. Ұзақ жылдан бері Вашингтон суниттік және шииттік бағыттағы осы екі ислам елінің діни, мәдени және тарихи қайшылығын өзінің аймақтағы мүддесіне оңды пайдалануға тырысып келген. Бейжің болса аймақтағы ықпалды екі мемлекеттің ортасында дәнекер рөлін сомдап, өзін аймақта бейбітшілікті және тұрақтылықты қорғаушы тарап ретінде көрсетті. Тиісінше, бұл сарапшылар жағынан дипломатиялық ұтқыр қадам ретінде де бағаланған.

Ал маусымның бас шенінде Палестина басшысы Махмуд Аббас Қытайға ресми сапармен барды. Тараптар бірқатар келісімдерге қол қойды. Аббас бұл сапарында Қытайдың Шыңжаңдағы мұсылмандарға бағытталған саясатын қолдайтынын жеткізіп, кейбір ақпарат құралдарының сынына да тап болған. Бірақ Қытай–Палестина қарым-қатынасы өзінше жаңа деңгейге көтерілді. Тиісінше, бұл да Бейжіңнің Таяу Шығыста өсіп жатқан ықпалының бір парасы болып танылды.

Енді міне, Қытай мен Израиль арасы да жақындай түседі деген болжамдар ортаға шықты. Жақында ғана Израиль жұртының премьер-министрі Биньямин Нетаньяху Қытайға мемлекеттік сапармен барады деген хабар тарады. Сапардың нақты уақыты әлі анық емес, дегенмен бұл АҚШ–Қытай арасындағы бәсеке тұсында тың жаңалық болды. Себебі, еврейдің мемлекет басшысы дәстүрлі түрде алғашқы шетелдік сапарын Америка Құрама Штаттарынан бастайтын. Бірер жылдық үзілістен кейін үкімет басына қайта оралған Нетаньяху билігі сот реформасы және Батыс Шериядағы елдімекендерді кеңейту сияқты бірқатар мәселелерде ауыр сынның астында қалды. Оған қарсы оппозиция ел тарихындағы ең ауқымды қарсылық шараларын да ұйымдастырды. Әсіреоңшыл деп бағаланған Нетаньяху билігі елдегі демократия мен адам құқығын кері шегіндірді дейтін ішкі-сыртқы айыптарды да арқалады. Міне, сондықтан да ол билікке қайта оралғанына көп болса да әлі Құрама Штаттарға шақырылған жоқ.

Израиль – АҚШ-тың Таяу Шығыстағы басты одақтастарының бірі. Аймақта Вашингтон мен Тель-Авивтің іс-қимылдары терең үйлестірілген. Ұзақ уақыттан бері Құрама Штаттар адам құқығы, демократиялық принциптеріне қарамастан, Израильдің Палестина жерін отарлауына және палестиналықтарға қарсы қатаң саясатына көз жұма қарады. Сәйкесінше, Израиль мемлекеті АҚШ-тың аймақтағы мүддесінің алға ілгерілеуіне зор көмек етіп келген. Соған қарамастан соңғы жылдары бақылаушылар АҚШ пен Израиль қарым-қатынасының нашарлап бара жатқанын айтып келеді. Байден науқыз айында Нетаньяху саясатын сынаған емеуріндегі мәлімдеме жасап, екі ел қатынасы салқындап қалғанын мойындағандай болған. Оған жауап берген еврей әріптесі: «Израиль – егемендi мемлекет. Оның саясаты оның достарын қамтыған сыртқы күштердің ықпалына орай құрылмайды», – деген.

Бұндай жағдайда Нетаньяху шетелдік сапарында ат басын Құрама Штаттардан бұрын Қытайға буратын болса, бұның өзгеше тарихи символдық мәні болмақ. Ол дегеніміз, қытай–еврей қатынасының жаңа тарихи парағы ашылды дегенді білдіреді. АҚШ өз одақтастарын Қытайға қарсы бірігуге шақырып жатқанда, Бейжің алдына келе қалған мұндай орайды қолдан жібермесі анық. Бұның бәрі де АҚШ пен Тель-Авивтің алшақтай түскенін растай түседі. Бұған Нетаньяху билігінің адам құқығы және өзге де мәселелерге байланысты Құрама Штаттармен қарама-қайшылықтарға жол беруі негізгі себеп ретінде көрсетіледі. Алайда, мәселенің жоғарыда біз келтіргендей түпкілікті себебі де бар. Бір сөзбен айтқанда, Құрама Штаттар Орта және Таяу Шығыстағы белсенділігін әлсіретті.



**Естай БОЖАН,**
**сарапшы.**

«АҚШАМ» АРДАГЕРЛЕРІ

# ЕРЕКШЕ СІЛКІНІС

**1988 жылы «Алматы ақшамы» ашылғанда ел-жұрттың санасында ерекше бір сілкініс пайда болды. Бұл – кеңестік жүйенің күні бітіп, Желтоқсан өтіп, тәуелсіз ел боламыз деп желпініп жүрген алақұйын шақ еді. Мен аяқастынан газетке редактордың орынбасары боп келдім. Газет күн бата шығады. «Вечерка»-ға көздері үйренген жұрттың, әсіресе, зиялы қауымның жүрегі «Алматы ақшамы» деп соға бастады, жүре келе «Ақшам» дейтін болды. Тәуелсіздік табалдырығынан тәй-тәй басқан қазақы көңілдер өз түтінінде шалқып отырып қанағат сезіммен «Ақшамды» оқыды, дүңгіршектен таппаса, редакцияға кеп алып кетіп жүрді.**



Журналистер де сайдың тасындай еді. Қанат Қайымов, Раушан Имашева, т.б. қыз-жігіттер әртүрлі тақырыптарды қозғап, тыңға түрен сала бастады.

Өзім осы «Ақшамда» жүргенде «Көзбояуы жоқ көріністер» циклын бастадым. Жұртшылық жылы қабылдады. Кітап кейінге қалып, қалта телефон қылтиып қолға ілігіп, ел-жұрт интернетке иіле бастаған шақта өмір көріністерін бірсыдырғы қабылдау да өзгеріске ұшырады. Осы сәттегі көңіл күйді тап басып, өмірдің күнгейі мен көлеңкесіне бір сәт баға беру міндет болды. Қайта құру мен тәуелсіздік арасындағы осындай екіұдай сезім біздің санамызға да алай-дүлей өзгерістер әкелді, «қашанғы талтайып тұрамыз?» деген әулекі сөздің шыққан кезі де осы шақ. Тіпті, айтыс ақындарының «қайта құру дегенім – қайта құру, атымды қайта ерттеп, қайта міну» деп төпеп, уақыттың қосын жеккені де көз алдымызда. Бірақ қайта ерттелген ат пен атырылып алға шыққан сәйгүлікті көре қоймадық, халық жалаң сөз бен жадағай ұранның тасасында қала берді. Осындай көңіл күй «Көзбояуы жоқ көріністер»-дің арқауы болды. Бұл жазбаларды тек «Ақшамға» ғана жариялап жүрдім.

**«Ақшамда» ұзақ істегенім жоқ, бірақ маздаған оттың тұтанып, ұшқынның жалынға айналуына куә болдым. Газеттің алғашқы сандарын сақтап қойдым. Міне, содан бері де жылжып 35 жыл өте шығыпты. «Ақшам» қазір тек қалалық емес, республикаға әйгілі басылым, «Ақшамның» ауқымы кең. Қаншама қалам иелері осы шаңырақтан қанат қақты. Астана солтүстікке ауысқанмен, «Алматы ақшамы» Оңтүстік астананың көзі боп қала берді. Бұл да «Қазақ» газеті сияқты қазақпен бірге жасап, қуанышы мен мұңын бірге бөліскен әйгілі басылымға айналды дер едім. 35 жыл көз ұшында қол бұлғап кетіп барады.**

**Қуандық ТҮМЕНБАЙ,**
**жазушы, газеттің алғашқы бас редакторының орынбасары.**

# «Ақшамда» екінші тынысымыз ашылған еді

**2005 жылы танымал қаламгер Қали Сәрсенбай «Ақшамға» редактор болып келгенде газет редакциясында журналистік қызметімізді жалғастырған едік. Осында жүріп «Ақшамның» 20, 25 және 30 жылдық мерейтойын өткіздік. Газеттің 35 жылдығында зейнеткерлік жасқа келсек те, әрбір нөмірін үзбей оқып отырамыз. Егделік жаста әркім-ақ өзінің жастық шағын тамсана еске алатын әдеті емес пе? Біздің де құлшынып еңбек еткен, газеттің әрбір нөмірін тартымды да, мазмұнды етіп шығаруға күш салған кезіміз еске түседі.**



Алып шаһар – Алматының күнделікті тынысын газет бетінде жариялап отырумен бірге қазақ руханиятына қатысты кесек-кесек материалдарды үзбей жариялауға ден қойдық. Мықты-мықты зиялы қауым өкілдерінен белсенді авторлар қатарын газет жұмысына тарттық. Белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай, мәдениеттанушы Таласбек Әсемқұлов, жазушы-журналист Зәкір Асабаев бастаған қарымды қаламгерлердің сериялы мақалалары газет бетінен тұрақты орын алып келді.

Қазақ зиялы қауымының ықыласы «Ақшамға» ауып, газет бетінде көтерілген өзекті мәселелерге ұсыныс-пікірлерін білдіріп отырды. Соның нәтижесінде газет тиражы артып, тұрақты оқырмандар қатары қалыптасты. Өткен жылдар беделінде газетте үздіксіз жарияланып келген «Сана тазармай, қала тазармайды», «Алаш ардақтылары», «Алматы тұрғындары», «Алматы айымдары», «Алматылықтардың алданышы», «Өз сөзім өзімдікі», өзге де ауқымды айдарларды қамтыған өзекті мақалалар оқырман ықыласын аударды. Сүйекті тақырып төңірегінде қаузап жазып, ауқымын кеңейтіп, кітапқа айналған «Алматыны басқарғандар» сияқты өміршең жобалар да болды. Белгілі сөз зергері Ісләм Жарылғапов туралы жазған мақала ауқымын кеңітіп, «Ісләм Жарылғаповтың мың бір сөзі» тақырыбымен алты ай бойы газеттен орын алып, оқырман назарын аударды.

Академик Өмірзақ Айтбаев: «Бұрынсонды зерттелмей келген ісләмтану ілімін бастап берген «Алматы ақшамы» газеті болды... 2008 жылы жұртшылық қолына тиген «Сөз зергері Ісләм Жарылғапов» атты кітапты ерекше атауға болады. Бұл ісләмтану іліміне қосылған үлкен үлес болды. Егер ғылым әлеміндегі бұрынғы жүйе орнында болғанда бұл еңбекті ғылыми атақ беретін ғылыми кеңеске ұсынуға болар еді» деп жазғаны мерейімізді көтеріп тастады. («Ана тілі», 4 қыркүйек, 2013 жыл).

**«Ақшамда» қызмет атқарған жылдары көктемгі Наурыз бен төл мерекемізден бастап, барлық айтулы күндерді ұжым болып тойлайтынбыз. Тауға барып, табиғат аясында өткізген күндеріміз де әсерлі болатын. Ұжымның әрбір мүшесінің қуанышы мен ренішіне ортақтасып отырдық. Шығармашылық күш-қуатымызбен еңбек етіп, ынтымақ-бірлігіміздің арқасында көңілді демала да білдік. Осылайша «Ақшамда» өткен жылдарымыз өмірдегі ең шуақты шағымыз болып есте қалды.**

**Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ,**
**Қазақстанның құрметті журналисі.**

# АЛҒАШҚЫ МЕКТЕП

**«Алматы ақшамы» маған неге ыстық? 1990 жылдардың басында Тәуелсіздіктің жылы лебі есе бастаған уақытта газетке өндірістік тәжірибеден өтуге келдім. Университетті бітіретін кезім, бесінші курста оқимын. Жастық максимализм бар. Қайтпай, шаршамай жұмыс істейтін уақыт. Қай жерге жұмсаса да, шамам келгенше тындырымды атқарып келуге тырысамын. Сөйтіп жүріп бір ай өндірістік тәжірибе уақыты да өте шықты.**

Әлі күнге дейін тақырыптары есімде. «Дорожник» неге дабыл қағады?» «Алмагүл» тұрғындары неге алаңдайды?» және осы тақылеттес тағы басқа ондаған мақалаларым жарыққа шықты. Жас түлектерді іздеп жатқан уақыт. Газеттің Бас редакторы Ислам Бейсебаев жарты ставкада жұмыс істеуге ұсыныс жасады. Қара шаңырақ КазГУ-ді енді бітірейін деп отырған студентке бұл үлкен көмек, қуаныш болды. Сөйтіп, «Алматы ақшамы» газетіне бесінші курста жұмысқа орналастым.

Жоғары оқу орнын бітіргеніміз туралы қолға диплом алғаннан кейін 1991 жылдың тамыз айында «Жас Алаш» газеті тілшілікке шақырды. Бірақ «Алматы ақшамы» газеті мен үшін үлкен алғашқы мектеп болды. Редакцияда Ислам Бейсебаев, Бақытжан Жиенғалиев, Сарқыт Ысқақова, Қайрат Әлімбеков, Жүсіп Ерғалиев (жатқан жерлері жайлы болсын) және Болат Жетекбай, Қанат Қайым, Жүніс Омар, Сейсенхан Маханбет, Кәдірбек Құныпияұлы, Серік Қаражан, Раушан Имашева сынды сайыпқыран журналистермен бірге тілшілік жұмыстың қыр-сырына қаныктым.

Ақиқаты, «Алматы ақшамы» газетінің журналистері еліміздің тәуелсіздік алуына айрықша үлес қосты. Алматыдағы көше аттарын өзгертуде ерекше еңбек сіңірді деп ойлаймын. Тіпті, көше аттарын өзгертуге қатысты белгілі тұлғалар мен оқырмандардан редакцияға есепсіз хаттар әкелетін. Мұның бәрі газет бетінде жарияланып, ұсыныстар қалалық әкімшілікке жолданып отырды.

Екіншіден, сол уақытта газет бетінде тарихи мәселелер өте көп жазылды. Есімде, Н.Мыңжанидің «Қазақтың қысқаша тарихы» және «Қазақтың миф аңыздары» атты еңбектері нөмір сайын қытай тілінен аударылып беріліп отырды. Қазаққа бұрын мәлім болмаған басқа да тарихи туындылар жиі жарияланды. Ұлт тарихына деген ынтызарлық мені өзіне тартқан болар, «Алматы ақшамы» газетінде тарихи мәселелердің жазылуы» деген тақырыпта дипломдық жұмысымды қорғадым.



**Міне, содан бері 35 жылға жуық уақыт өтіпті. Бірақ бәрі де кешегідей көз алдымда. Қазір «Алматы ақшамы» республикалық деңгейдегі іргелі басылым екенін екінің бірі мойындайды. Бағалайды. Басылым жаңарды, іргесі кеңейді, заманауи газетке айналды. Сондықтан журналистикада мен үшін алғашқы мектеп болған «Алматы ақшамы» газеті ғұмырлы болсын деймін.**

**Берік БЕЙСЕНҰЛЫ,**
**«Ана тілі» газеті бас редакторының орынбасары.**

**Осы ғұмырында мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның және бизнестің орталығына айналған еліміздің әсем де алып шаһарының тыныс-тіршілігін көрсетуде, ірі қалада атқарылып жатқан іргелі істерді дәріптеуде «Алматы ақшамы» бірқатар игі шараларды жүзеге асырып келеді. «Алматы ақшамы» газеті ең алдымен ұлттық дәстүрімізді алып келді. Қаланың жаңалығын, қоғамдағы ірілі-уақтылы маңызды шараларды ана тілімізде жеткізді. Бұл, әсіресе, ауылдан келген қонақтарға, оқу іздеп келген жастарға өте қолайлы болды. Қажетті анықтамаларды «Алматы ақшамынан» тауып алып отырды.**

# 35 АЗ БА, КӨП ПЕ?



Мен осы басылымда 2007 жылдан зейнеткерлікке шыққанымша – 2013 жылдың соңына дейін қызмет еттім. Зейнетке шыққаннан кейін автор ретінде күні бүгінге дейін еңбек етіп келемін. Қазір Алматы әбден үлкейген, тіршілігі дамыған мегаполис. Күн сайын қанша құрылыс жұмыстары, түрлі шаралар атқарылып жатады. Әдебиет те, мәдениет те, бизнес пен білім ордалары да осында. Соларда күнделікті болып жатқан сан салалы жаңалықтар «Алматы ақшамының» бетінен өз орнын тауып жатады.

Айтайын дегенім, соңғы жылдары Түркістан облысы, оның бер жағында Алматы, Жетісу, Ұлытау және Семей облыстары ашылды. Еліміздің аймағы көбейді, тынысы кеңейді. Міне, біздің «Алматы ақшамы» газетіміздің 35 жылдығы осындай айшықты да маңызды оқиғалар орын алып отырған кезге сай келіп отыр. Басылым журналистері шаһардың шеңберімен шектеліп қалмай, аталмыш аймақтардың да жаңалықтарын жарыса жазса, жетістіктерді көбірек қамтыса, қандай керемет болар еді. Еліміздің әрбір өңірі оңтүстік астана аталып жүрген Алматының жаңалық-жетістігін білуге құштар. Қала көшелеріне жаңа есімдер беріліп жатыр. Бәрі де қазаққа, оның мемлекеттігі мен тәуелсіздігіне қызмет еткен тұлғалар. Бірақ олардың кім екенінен қазіргі жастар хабарсыз. Көшелердің басталар жерінде жиындар, кездесулер өткізіп, көшеге есімі берілген азаматтың кім екені, қандай пайдалы істер атқарғаны жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мысалы, Медеу ақсақалды алайық. Ол кім еді? Алғашқы алманың жаңа түрін – апортты шығарған, қиын жағдайда қала тұрғындарына болысқан тұрмысты адам болған.

Сол сияқты, Қали есімді меценатты алайық. Қали Қарой шатқалында 12 мың бас қой өргізді, қыстауда бірнеше қора салдырып, тіпті Верныйдың өзінде үлкен әулеті бар үйі болды. Оның туған қызы Қазақстан Республикасының халық әртісі Гүлжаһан Ғалиева Алматыда «Гүлдер» ансамблін құрды. Қали Орта Азия, Сібір мен Орынбор арасында қоймен сауданы кеңінен жолға қойды. Жыл сайын Верныйда (Алматыда) қазақ отбасыларының басын қосып тегін қой таратып отырған, сөйтіп Алматыда жергілікті тұрғындардың тұрақтануына жол ашқан қазақ. Осы өте маңызды тарихты біз «Алматы ақшамы» басылымынан оқып білдік.

**«Алматы ақшамы» тұлғаларды еліне, жеріне қарап алаламайтын, қазақ мемлекеті мен қазақ халқы үшін төккен теріне, ерен еңбегіне қарап бағалайтын басылым. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген ұлы Абайдың сөзін ұстанған басылым. Сонысымен де тарихы ұзақ біраз басылымнан бағалы. Небәрі 35 жасқа келген «Ақшамға», оның ұжымына ұзақ ғұмыр тілеп, бұрыннан келе жатқан игі істер, бағалы бастамалар жалғасын таба берсін, бағыттарыңнан айнымаңдар дегім келеді.**

**Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ,**
**«Алматы ақшамы» газетінің ардагері, «Қазақстанның құрметті журналисі» төсбелгісінің иегері.**

БІЗДІҢ СҰХБАТ



# Қали СӘРСЕНБАЙ:

# «ҚЫҢЫР ЕМЕС, ҚОҢЫР ГАЗЕТ ЖАСАДЫҚ»

**– Қали Қошқарұлы, сіз, «Алматы ақшамының» тарихында үшінші бас редакторсыз. Сізге дейін басылымға басшылық еткен азаматтар арамызда жоқ. (Арда азаматтардың иманы саламат болсын). Сондықтан «Ақшамның» шежіресін шерту жауапкершілігі сізге жүктеліп отыр. Кезінде өзіңіз он бес жылдан астам уақыт басқарған «Алматы ақшамы» газетінің жарық көргеніне, міне, 35 жыл толу қарсаңында сізбен сұхбаттасудың сәті түсті. Әңгіменің әлқиссасын басылымның шежіресінен бастасаңыз.**

– Тоталитарлық тәртіптің жіпсіген шағында жылт еткен сәуледей болып «Ақшамның» жарық көруі керемет жаңалық болды. Дегенмен, бұл басылымның жарыққа шығуы оңайға соққан жоқ. Қылышынан қан тамған кеңестік дәуір Алматыдай аймаңдай қалаға қазақ тілінде газет шығаруды қажет қылмады. Сексенінші жылдың орта шенінде жасанды түрдегі қайта құрулар ескі қоғамның іріпшіріп бара жатқанын аңғартқандай.

Ежелден еркіндік сүйгіш қазақ қоғамы іштен тынып жатқан шақ бұл. Ұлт рухының жоғалмағандығын дүниені дүр сілкінткен 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі дәлелдеп берді. «Айдаһарды кескілесең де, кесірткедей қауқары бар» демекші, қанды шеңгел қаншама басып-жаншыса да, қазақ рухын өлтіре алмады. Өлгеніміз тірілгендей, арыстарымыздың ақталуына, салтымыздың сақталуына мұзда жанған алаудай қаһарман ұл-қыздарымыздың азатсүйгіштігі дем берді. Жаңалықтың жаршысындай қалалық басылымның жарық көруіне де алдымен осы Желтоқсан жаңғырығы әсер етті деп білемін.

**– Ақжарылған ақындар да қоғамның мұңын мұңдап, Алматыда қазақ тіліндегі қалалық газет керектігін тілге тиек еткен деседі...**

– 1987 жылдың шамасында, белгілі айтыс ақындары Әселхан Қалыбекова мен Әзімқұл Жанқұлиев арасында болған өнер сайысында сол кездегі астанамыз – Алматыда қазақ тілінде шығатын газеттің жоқтығы өлеңмен өрілді. От ауыз, орақ тілді айтыскерлердің жыр шумақтары қоғамға әжептәуір ой салды, білем. Дегенмен, тоталитарлық қоғамның әлі де тіресіп тұрған шағы. Газеттің жарыққа шығуына қарсылық аз болған жоқ.

Қазақ тілінде газет шығару оңайға соқпады. Компартияға арқа сүйеген өз ішімізден шыққан «жаулар» да жалаңдап шықты. Тіпті, газет атауына қатысты пікір қайшылығы туған шақ. Не дегенмен, кеңестік дәуір кезі, «Ақшам» атауын діни ұғым, ескілікті көксеу деп күпінгендер болды. Бұған сол шақта Ташкенде, Бакуде «ақшам» сөзімен сабақтас қалалық кешкі газеттердің шығатыны алға тартылды. Осының бәрін Өз-ағаң, Өзбекәлі Жәнібеков бастап, қазақтың зиялы қауымы қолдап, газет жарыққа шықты.

Газет алғашқыда бірер жыл «Вечерняя Алма-Ата» газетінің қосымшасы ретінде шықты да, ұзамай өз алдына шаңырақ көтерді. «Алматы ақшамы» «Вечерканың» қосымшасы ретінде шыққан шақта осы газеттің редакторы Максим Сәрсенов болатын. Исламғали Бейсебаев ағамыз редактордың орынбасары лауазымында жүрді. Қосымша болса-дағы газетті алғаш шығарушы жігіттердің еңбегі ересен-тін.

Сағынтып жеткен газетте олар күн-түн демей еңбек етіп, жанкештілікпен басылымды аяғынан тік тұрғызды, таралымын арттыруға күш салды. Жалын жігер журналист қыз-жігіттер «Алматы ақшамының» ел көлемінде таралуына үлес қосып, таралымын арттырды. Кейін газеттің бас редакторлығын Ерғали Сағат ағамыз қолына алды. Бұл кезде басылым аударма сипаттан біржола айырылып, бұрынғыдан гөрі белсенді әрекетке көшіп, оқырман санын көбейте түскен.

**– «Ақшамға» келгендегі ұстанған бағытыңыз қандай болды?**

– Сол кездегі оппозициялық басылым санатындағы «Жас Алаштан» «Ақшамға» келдім. Бұл – 2005 жылғы 23 ақпан болатын. Оған дейін жастар басылымында бас редактордың бірінші орынбасары қызметін атқарғанмын. Алғашында біртүрлі қарағандар болды. Ол кезде «Жас Алаш» таралымы артып, атынан ат үркетін кез-тін. Келе сала, жұмысты жапыра істеп, жандандырып кеттім десем, жалғандық болар. Өзім де бір кезде корректорлықтан, секретариат жұмысынан бастаған адаммын. Біртала басылымда тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары болғаным бар.

**– «Жас Алаштың» ұстаханасынан шыққанбыз» деген тәмсілді жиі еске аласыз. Сол басылымда басшылықта да болдыңыз. Өзіңіз де талай шәкіртті баулыдыңыз емес пе?**

– Былайғы жұрт бұл газетті «әкімдіктің газеті» десе де, басылымның өз бағыт-бағдарын анықтап алу қажет болды. «Әкімдіктің газеті» деген ұғым бер жағы, қаржыландыруы бар, тапсырмасы болмай тұрмайды. Оның бәрі түсінікті нәрсе. Бірақ осындай газетті де жайнатып, жасандырып, қыңыр емес, қоңыр газет жасауға болатынына да көзім жетті. Ол үшін аянбай еңбек ету керек.

Журналистика – өнер. Бұл мамандықтың қыр-сырын жетік меңгеру керек. Сол себептен, жаныма жанкешті жұмыс істейтін журналистерді жинадық. Басылымда бұрыннан істейтін қыз-жігіттер де болды. Газеттің интеллектуалды деңгейін қалыптастыру мен үшін маңызды еді. Жұмыста басылымда қалыптасқан дәстүрлі сабақтастыққа мән бердік. Аға буынның бай тәжірибесін пайдаландық. Бұл буын орта буын, жас буынмен қатар жүріп, жұмысын өрбітті.

Жеңіс Шыныбеков, Сәрсенбек Бекмұратұлы, Өтеш Қырғызбай, Өмірзақ Мұқай, Әшірбек Амангелді, Ермек Зәңгіров, Нұрғали Ораз, Нұржамал Байсақал сынды тәжірибелі аға буынның орта, жас буынға шығармашылық әсері мол болды ғой деп ойлаймын. Оған қоса, сан алуан тақырыпта жазатын қаншама авторларды тарттық. Қаламақы төлеу жағы да біршама реттелгендей болды. Соның арқасында жеткен жетістігіміз де жаман болған жоқ. Оқырман іздеп жүріп оқитын сан түрлі жанрдағы материалдардың молайғаны да осындай дәстүрлі сабақтастықтың, жан-жақты қам-қаракетіміздің нәтижесі.

**– Ұмытпасам, 2004 жылы болуы керек, аракідік «Алматының 150 жылдығы» аталып, жымын білдірмей, жиын өткізу болып тұрғаны есте. Сонда деймін-ау...**

– Бұл өзі негізінен В.Храпуновтан басталған әңгіме. Алматының тарихын Верный қамалынан бастау бұл кісінің оң жамбасына дөп келгендей. Тіпті, «әй-шәй жоқ» тапсырмасын орындауға бейіл тарихшылардан топ құрғаны мәлім болды. Соған қарағанда, осы шаруаны өзінше тиянақтағысы келген болуы керек. Сол тарихшылардың қорытындысымен Мемлекет басшысына арнайы хат та дайындалған.

Міне, осы тұста еліміздің ҰҒА Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев атойлап шықпағанда, кім біліпті не боларын. Мынадай сорақыға шыдамаған танымал тарихшы Қойгелдиев өз атынан Мемлекет басшысына жеделхат жолдады. Президент Мемлекеттік хатшы Иманғали Тасмағамбетовке мұның ақ-қарасын анықтауға тапсырады. Содан 150 жылдықты өткізбеуге нүкте қойылды. Қысқасы, бұл жөнінде «Храпуновтың қалпағын қайырып жіберген ғалым» атты мақаламда жан-жақты айтқанмын.

**– Осы кезде газеттің маңдайшасындағы «Мың жасаған шаһардың шамшырағы» ұрансөзін жаздырғаныңыз есімде.**

– Басылымға басшылыққа келісімен бұл мәселе мені қатты толғантты. Тарихшы-ғалымдарға, археологтарға ұсыныс жасап, тікелей жұмыс істеуге көштік. Газеттің әр нөмірінде «Мың жасаған шаһар» айдарымен материалдар беріліп отырды. Алматының мыңжылдығына қатысты сан мәрте халықаралық жиын өтті. Нәтижесінде Алматының мыңжылдығы ЮНЕСКО аясында бекітілді. Бүгінде бұл шаруаға титтей болса да үлесіміздің болғанын мақтан көреміз.

**– Басылымдағы ел назарын аударар жобаларды тарқата айтсаңыз.**

– Басқаны былай қойғанда, «Алматыны басқарғандар» жобасы жөнінде қысқа айтайын. Тілшілерді арнайы рұқсатпен қаладағы мұрағаттарға жіберіп, біржолата бұл жұмысқа ден қойдық. Бұл қала дегеннің өзі қайнаған тіршіліктің ортасы. Қала мәдениеті деген ұғым бар. Тарихын тереңге тартқан бұл шаһар, шыны керек, от пен судың ортасында тұр. Жаратқанның өзі «сақтанғанды сақтайды» дегендей, қауіп-қатерді алдын алмаса болмайды. «Бұл қала ұйықтамайтын қала» деп те жігіттер жазды. Шыны сол, «Алматыны басқарғандар» жәй ғана хронологиялық тізбе емес, мұнда қаланың даму тарихы, шаһарды басқарғандардың портреті бар. Сонау Павел Зенков заманынан бастап қаланы басқарғандарды түгендедік. Бұл кісі – Верныйды аралап жүріп өздігінен «Орысша-қазақша сөздік» жасаған адам. Мұны да мұрағаттан тауып, жарияладық. Әрине, түрлі жобалар жүзеге асты, оқырманнан қолдау тапты. Ол әңгіменің бәрін айтып отырсақ, бір сұхбаттың аясына сыймайды.

**– Журналистің от пен оқтың ортасында жүретіні де бар. «Ақшамда» Алматыны басқарған Заманбек Нұрқаділовпен сұхбаттың орны бөлек болды. Тіпті, сұхбат газетке басылуға шақ қалғанда ол кісі кенеттен жұмбақ жағдайда көз жұмды ғой...**

– Өкініштісі, ол кісі бұл сұхбатты оқи алмады. Сұхбат атышулы қала мэрі қайтыс болғаннан кейін араға бірнеше апта салып шықты. Газеттің түгел таралымы сатылып кетті. Міне, оқылымды материал деген осы.

**– Сіз еркін ойды жақсы көресіз. Еркіндікті шектеу дегенді қалай түсінесіз?**

– Әкімшіліктің газеті – «Ақшамға» еркін ойлы басылымнан келгенімді айттым ғой. Еркін ой деген ойыңа келгенді айту емес. Шығармашылық еркіндікті айтып отырмын. «Ақшамда» шығармашылық еркіндігім шектелген жоқ. Газеттің ұстанған позициясынан бөлек, шығармашылыққа да еркіндік бердік. Соның арқасында элиталық, интеллектуалдық деңгей қалыптасты. Бастысы, оқырман тұрақталды. Газетке оқырман жинаудың сан түрлі тәсілі бар. Шыны керк, біз де түрлі тәсілге бардық.

**– Мәслихат депутаты ретінде газеттің таралымын арттыруға мүмкіндік тапқан боларсыз?**

– Үш рет, 5, 6, 7-шақырылымда Мәслихат депутаты болдым. Алматының Алатау ауданы бойынша. Онда қаймағы бұзылмаған қазақы ауылдар бар. Басылым оқырманының басым бөлігі де солар ғой.

**– Әріптестеріңіз сізді әзілшыны аралас «басылымды басқарып жүріп әкімдіктің тілін, оқырманның ойын тапқан» десті. Осыған не дерің бар?**

– Қандай жетістік болса да, еңбегімізбен жеттік деп білемін. Атақ пен абырой бағасын еңбекпен алады. Әкімдіктің тілін тапты дедің, демек, бұл белгілі бір деңгейде биліктің газетпен санасқанының көрінісі. Бұған бір мысал, Тасмағамбетов пен Есімовтің «Ақшамды» аудан әкімдеріне, құрылым басшыларына үлгі еткен кезі аз емес. Жетістікке жеткеніміз еселі еңбектің, шынайы шығармашылықтың арқасы. Жалғыз ағаш – орман емес, жетістікке ұжыммен бірге жеттік. Әріптестеріме айтар алғысым шексіз.

**– «Ақшамның» тұрақты айдарлары жайлы жұрт жиі айтады.**

– Кезінде «Тұлғатану», «Алаштың айымдары», «Алматының айымдары», «Өнер-өмір» «Біздің қаланың тұрғындары», «Тазарғың келсе, театрға бар», «Есімде бәрі», «Сағындым, Алматымды» айдарларымен талай материал жарық көрді. «Тазарғың келсе, театрға бар» айдарымен қазақ өнерінің корифейлері Сәбит Оразбаевтың естеліктері, Асанәлі Әшімовтің күнделігі, театр қайраткерлері Есмұхан Обаевпен сұхбат, Әшірбек Сығаевтың өнер тақырыбындағы мақалалары жазылды. Айта кетерлігі, осы жазбалар кейін кітапқа айналды. Өнердің өміршеңдігі осыдан көрінер. Оқырман осы тұлғалардың жазғандарын, айтқандарын іздеп жүріп оқитын. «Тұлғатану» айдарымен шыққан мақалалардың ешбірі елеусіз қалған емес. Ең бастысы, баспасөзді бөспесөзге айналдырмауды ойладық.

**– Сіз, газет шығаруды өнер ретінде бағалайтын сияқтысыз?**

– Біз барша жетістікке мақсатты түрде жұмыс істеудің нәтижесінде жеттік. Расында, газет шығару – өнер. Ал бас редактор бас режиссер тәрізді. Газетті шығарудың өзі бір спектакль қойғанмен бірдей.

**– Өзіңіздің сүйікті «Ақшамыңызға» тілегіңізді білдіре кетсеңіз.**

– Мереке құтты болсын! Әріптестеріме «Дендерің сау болып, шығармашылықтарың шарықтай берсін!» дегеннен басқа айтарым жоқ.

Сұхбаттасқан
**Айнабай МӘДИ.**

БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕР

# «СОЛ ҮШІН АЙЛЫҚ АЛЫП ОТЫРҒАН ЖОҚСЫЗ БА?»

**Ардақты ағамыз, ұлағатты ұстазымыз Қали Сәрсенбай 2005 жылдың көктемінде «Алматы ақшамы» газетіне жұмысқа шақырды. Солайша, алып шаһардың бас басылымында, қазақ журналистикасының корифейлерінің бірі Қалағаңның қоластында қызмет ету бақыты бұйырды.**



Бас редактор алғашқы күннен қаланың қымқуыт тіршілігіне, қайнаған қазанына салды да жіберді. «Ұйықтамайтын Алматы», «Алматыны кімдер басқарды?», «Алматыға сыймай кеткен ақындар», «Шаһар шаруашылығы» секілді жобалар ашылып, Алаштың аяулы мекеніне қатысты тақырыптың, тарихтың барлығы қозғалды. Жұрт санасынан өшіп бара жатқан уақиғалардың бәрі газет бетінде нөмір сайын жарық көріп жатты.

Қали Қошқарұлы «Ақшамдағы» шығармашылық ұжымды аға буын мен жас журналистердің тепе-теңдігін сақтай отырып жасақтады. Өтеш Қырғызбай, Сәрсенбек Бекмұратұлы, Ермек Жұмахметұлы, Әнуарбек Әуелбек, Нұржамал Байсақал, Рая Ескендір секілді майталман қаламгерлермен қатар Думан Анаш, Өркен Жоямерген, Жандос Байділда, Азамат Қасым, Әсия Бағдәулетқызы, Айгерім Сауытбекова, Мәншүк Бекбосын секілді жастар қызмет етті. Бүгінде Қалағаңның қайрағынан өткен сол азаматтар отандық журналистиканың маңдайалды мамандарына айналды. Бұл да Бас редактордың тұлпарды тайынан танитын қасиеті болса керек.

Бір қызық жағдай болды. Бас редакторға мақаламызды апарамыз. Басында редакциялап, кем-кетігін түзеп, олқы тұсын толықтырып отыратын. Тақырып міндетті түрде ауысады. Кейіннен мақаланың өн бойына тиіспейтін болды. Бірақ тақырып өзгереді. Қандай тақырып қойып апарсақ та, Қалағаңның талғамына сай келмейді. Содан кезекті бір материалды тақырыпсыз апардық.

– Мынаның тақырыбы қайда? – деді Қалағаң көзәйнегінің үстінен қарап.

– Тақырыпты бәрібір ауыстырып тастайсыз ғой, – дедік біз.

«Бара бер» дегендей иегімен есікті нұсқады. Шығып кеттік. Артымыздан мақаламыз келді. Тақырыбы жайнап тұр. Содан Қали ағаға мақаланы тақырып қоймай апаратын әдет шығардық. Еркелігімізді басында көтеріп жүрді. Бір күні шыдамай кетті.

– Әй, тақырыпсыз мақала шала туған бала сияқты. Неге біртұтас дүние әкелмейсің? Әлде, сенің мақалаңа тақырып қойғаннан басқа жұмысы жоқ деп ойлайсың ба? – дейді ұстазымыз күйіп. Біз де ашуын қалжыңмен тарқатпақ болдық па, әлде ойланбай айта салдық па, білмеймін, табан астында:

– Аға, сол үшін айлық алып отырған жоқсыз ба? – деппіз.

– Өй, күшік, құры, – деді де, соңынан қарқылдап күлкіге басты бастығымыз.

Қатты ашуланбағанына қуанып жайраң қағып кетіп бара жаттық. Кейіннен осы жағдайды Қалағаң біразға дейін айтып жүрді. Бірақ бар ғой, содан соң қойған тақырыбымыз Бас редактордан ауыспай шығатын болды.

«Алматы ақшамынан» 2008 жылы «Ана тіліне» ауыстық. Ұжыммен қимай қоштастық. Тілшілердің бөлмесінде Әсия, Мәншүк, Айгерімнің көзіне жас келіп, жігіттер жағы қыздарды жұбатып, «соғысқа кетіп бара жатқан жоқпын ғой» деп әзілдеп, әзер тарқасқан едік.

«Ақшам» менің өмірімдегі өнегелі мектептің бірі. Сонысымен де біз үшін қымбат, қастерлі. Сүйікті газетіміздің жарық көргеніне 35 жыл толып жатыр екен. Құтты болсын айтамыз. Өсіп-өркендей беріңіздер, қадірлі әріптестер!

**Ержан БАЙТІЛЕС,**
**ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Хатшылығы меңгерушісінің орынбасары.**

# Жалынды жылдарымыздың жарқын куәсі

**Осыдан он сегіз жыл бұрын университетті тәмамдап, дипломды журналист ретінде жұмыс іздеп жүрген шағымыз еді. Студент кезімізде студенттер қалашығының жанындағы «Спорт» газетінде бір жарым жылдай, жаңадан ашылған «Айқын» газетінде штаттан тыс, «Азамат.кз» газетінде үш ай жұмыс істеп аздап тәжірибе жинап қалғанбыз. Енді тұрақты жұмыс табу керек болды. Өйткені, бұрынғыдай тегін жатақхана жоқ, пәтерде тұру үшін қаржы керек.**



Міне, осындай жас түлек үшін сын сәтте университетте оқытушымыз болған белгілі айтыскер, ақын Бекжан Әшірбаев ағамыз «Алматы ақшамына» қарай жол сілтеді. Бекжан ағамыз алдын ала айтып қойған соң бірден бас редактордың бірінші орынбасары Нұржан Қуантайұлына жолығып, тапсырма алып шықтық. Сол кезде баспасөзде саяси тақырыптар қызу талқыланатын. Саяси сарапшы ретінде газет беттерінен түспейтін сарапшылар да бірен-саран еді. Сол аздың бірі, саясаттанушы Әзімбай Ғали ағамыздың үйіне барып, сұхбат алдым. Дереу орындалған тапсырма көп ұзамай газеттің қалың болып шығатын бейсенбілік санында «Астана мен Алматы қазақыланбай, Қазақстан қазақыланбайды» деген тақырыппен айқарма бетті алып жарқ ете қалды. Сол 2005 жылы газет басшылығына келген Қали Сәрсенбай ағамыздың бұйрығы да көп күттірмей, бірден қала газетінің тілшісі ретінде журналистік қызу еңбекке араласып кеткен едік. Міне, содан жеті жылдан аса уақыт еңбек етіп барып қоштасқан бұл редакция біздің «айхай, жиырма бесіміз» өткен жалынды жылдарымыздың жарқын куәсі ретінде әрдайым жүрегіміздің бір бұрышын жылытып тұратынымен ыстық.

«Ақшамда» жастар біршама жиналдық. Алды фототілшілер Жеңіс Ысқабай, Самат Құсайын, тілшілер Ержан Байтілестен бастап, Өркен Жоямерген, Азамат Қасым, Әсия Бағдәулетқызы, Мәншүк Бекбосын, Әйгерім Сауытбек, Динара Мәлікова, Жандос Байділда, Ермұхамет Мәулен, Ербол Тұрымбет, Айкерім Райысқызы және т.б. қыз-жігіттер қалалық газеттің мазмұнды да оқылымды шығуына бір кісідей атсалыстық, өзіміз де ысылдық, танылдық. Қазір басым бөлігі әртарапта жауапты қызмет етіп жүр. Бізге ағалық танытқан Қали Қошқарұлынан бастап, Сәрсенбек Бекмұратұлы, Өтеш Қырғызбайұлы, Әнуарбек Әуелбек, Құттыбек Аймахан, Айнабай Мәди, Бақыт Ойса және апайларымыз Нұржамал Байсақал, Рая Ескендір секілді ғазиз жандардың тәрбиесін көргенімізге қуанамыз.

«Алматы ақшамы» сол жылдары қалалық газет болса да республикалық көптеген басылымдардан қызғылықты, оқылымды шыққаны есімде. Тіпті, көптеген айдарлар, жобалар, тақырыптардың атауларына дейін әлі есімде. Мәселен, 2008 жылы газеттің жиырма жылдығына орай сегіз қосымша шықты. Біз «Біз...» деген қоғамдық-саяси қосымшаға шығарушы-редактор болдық. Сол кезде магистратурада оқитын Азамат Қасым «Аула» деген қаланың коммуналдық қызметіне қатысты қосымша шығарды. Сонда ғой, бірге оқыған досы, қутілді айтыскер ақын Асхат Қылышбек «Азаматқа қаламақы болсын» деп көшеге шемішке шағып, қоқыс тастап жүретіні...

Міне, осы сықылды қызықты да аңғал жастығымыздың куәсі болған ару Алматының бас газеті бізді жас түлектен тас түлекке дейін баптап, әр қияға ұшырды. Осы басылымда бірге істеген Әйгерім екеуміз шаңырақ құрдық. Тойымызға бүкіл редакция қатысты. «Жас отау» неке сарайындағы салтанатты іс-шара ерекше есте қалатындай ұйымдастырылды. Сол кезде қалалық мәслихат депутаты ретінде Қали ағамыз бұл іске ұйытқы болды. Наурыздағы неке қию рәсімінде еккен қос қайыңымыз аталған сарайдың алдында саялы ағашқа айналды. «Ақшамнан» түлеп ұшқан сол жастар да бүгінде саясы бар ағаштай елге еңбек етіп келе жатқан азаматтарға айналып келеді.

«Ақшамда» қазір жаңа буын еңбек етіп жатыр. Олардың еліміздің еңселі болуына сіңіріп жатқан ерен еңбегіне табыс тілейміз!

**Думан АНАШ,**
**«Қазақ газеттері» бас директорының орынбасары – Алматы филиалының басшысы, «Алматы ақшамы» газетінің 2005–2012 жылдардағы тілшісі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ» тобының жетекшісі.**

**Құрметті «Ақшам»! Мен қазір елудің бесеуіне жақындаған басалқалы жастамын. Өмір ағыны аударма саласының иіріміне батырып жіберсе де, сен ұштап берген қаламым қолымнан түскен жоқ деп айта аламын. Ал сен 35 жасқа толып жатыр екенсің. Он жасқа толтырған кезімізде, шіркін, Бақытжан Жиенғалидай баспасөз майталманы, Ерғали Сағаттай қазақтың ақсүйек, сырбаз қаламгері көшбасымыз болып көшелі сөз бастап, көсем сөз саптап, ауыздарына қаратып, көпшілікті ұйытып, бағындырып отыратын.**

# «АҚШАМҒА» АҒЫМНАН ЖАРЫЛУ



Есенәлі Ерәлі, Қанат Қайым ағаларымыз редактор орынбасарлары, Жексен Алпартегі ағамыз «жауапты хатшы» болып, мен тілшісі болған әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі Әнуар Тарақ ағамызбен, саясат сардарындай Бейбіт Жұмажан апамыз, хаттарды сөйлетіп, оған өзінің шешен шалқымасын қосатын Нұржамал Байсақал, экономика тамыршысы Мұрат Мұқаш, Желтоқсан ардагері Құттыбек Аймахан, әнші серіміз Нұрболат Сұлтанғазы – бәріміз шетімізден қалам көрігін қыздырып, басылымның төл оқырманын топтастыру мақсатына ой күшін де, бой күшін де сарп еткен едік. Роза Қараева, Жанарбек Әшімжан, Әлібек Шегебай сияқты ұйқас өрнегі айшықты ақындардың алғашқы салмақты мектебі «Ақшам» болды деп айтуымызға болады. Желтоқсанның қаһарман қыздарының бірі Шолпан Жұмаділдің де қолтаңбасы бар ескі парақтарда...

Өмірдің жөңкілген ағыны мені медициналық аударма жағалауынан бір-ақ шығарды. 2010 жылдан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қарамағындағы Аударма және тілдерді дамыту басқармасының аудармашы маманы қызметін атқарып келе жатырмын.

Осынау мағыналы белестердің өмірбаянымда жазылып қалғанына мың да бір шүкіршілік етемін. Бұрынғы мерейтойлық басылымдарда «Бағымды ашқан, шамымды жаққан Ақшамым» деген атпен естелік жариялаған едім. Қазір де сол сөзді бар даусыммен мақтанышпен қайталап айта берер едім. «Ақшамым», алғыс саған, қастерлі босағаңа бас иемін!

**Гүлзира СЕРҒАЗЫ,**
**ақын, аудармашы,**
**Қазақстан Журналистер одағының Ө.Жәнібеков атындағы сыйлығының лауреаты.**

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

# ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІ АҚЫНЫН ҰЛЫҚТАДЫ

**Қайрат Әлімбек – поэзия әлемінде өзінің өлең-жырымен, сыршыл да жыршыл жүрегімен артында өшпес мұра қалдырып кеткен ақын. Кезінде «Алматы ақшамы» газетінде қызмет еткен Қайраттың фәнидің есігін жапқанына 17 жыл өтсе де, оның қаламынан шыққан тұма суындай тұнық жырларын оқырманы ұмыта қойған жоқ.**




Жуырда Жетісу облысы әкімшілігінің ұйымдастыруымен Қайрат Әлімбекті еске алу шаралары аталып өтті. Мұражайдан бұрыш ашылып, Б.Римова атындағы драма театрында «Жоқ іздеген жігіт» атты кітабының тұсаукесері болды. Сонымен қатар, аталмыш театрда ақынның әдеби-мәдени жыр кеші ұйымдастырылды.

Ақынды еске алу кешіне еліміздің түкпір-түкпірінен белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, ұстаздары мен қаламдас достары, бірге оқыған курстастары келді. Осы шараны ұйымдастырған және ақынның шығармашылығын қадірлей білген Жетісу облысының басшылығы мен халқына мың алғыс айтсақ, артық болмас. Себебі, қазақ руханияты жүдеу тартып бара жатқан қазіргі заманда осындай игі шаралар жиі өтіп тұрса игі.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

# АЛЫП МЕГАПОЛИСТІҢ

## «Almaty aqshamy» 35 жыл бойы жаңалықтың,





**Төрехан ДАНИЯРОВ**

*(Басы 1-бетте)*

Бір қарағанда, жәй ғана ресми басылымдардың санатына жатқыза салуға болатын баспасөз түрін несімен айшықтап, несімен ерекшелер едік. Енді соған аз-кем тоқтала кетсек.

Қазақта «қолына қан шеңгелдеп туған бала» туралы айтылатын әфсаналар аз емес. Шыр етіп дүниеге келген кезде көзін ашпай жатып-ақ ел назарына іліккен ондай балалар тегін болмаған. «Almaty aqshamy» газетінің тағдыры да тура сондай.

Бұл әуелі халықтың құрсағында жатты.




Қанша күн, қанша ай, тіпті қанша жыл жатқаны бір Құдайға ғана аян. Толғағы да аз болған жоқ. Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғына таман Алматыда жергілікті халықтың үлес салмағы біртіндеп арта бастаған болатын. Оның үстіне, қылышынан қан тамып тұратын Кеңес Одағында да сол уақыттарда түрлі оң өзгерістер болып жатты. Жариялылық, қайта құру деген саясаттар Одақта бас қосқан барлық республикаларға да қозғау сала бастағандай болды.

Бұл орайда, әсіресе, біздің Қазақстанымыздың зиялы қауым өкілдері ерекше көш бастады. Ұлтымыздың тарихы мен болашағы жайында батыл ойлар айтылып, жазыла түсті. 80-жылдардың аяғына қарай елдегі саяси жағдайдың бағыт-бағдарында болып жатқан өзгерістер өзінің мол ықпалын тигізді. Ел бостандығы мен ұлттық мүдде жолындағы талпыныс нышандары біртіндеп орталық бұғауын бұзуға жол аша бастаған еді. Не керек, сол кездегі астанамыз – Алматыға қазақ тіліндегі қалалық газет қажет екені үлкен мәселе болып көтеріліп жатты. Осындай қозғалыстардың арқасында «Almaty aqshamy» газеті дүниеге келген болатын. «Ақшам» деген сөздің өзіне сол кезде үрейлене қарағандар да болмай қалмады. Оны дінге қатысты атауға балап, аяқтан шалғысы келді. Бұл мәселеге Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің өзі нүкте қойды. Республикалық «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде «Ақшам» деген бет баяғыдан бері бар болатын. Сол тұста ол да тірек болды. Әйтеуір қазақтың әлімсақтан келе жатқан арда сөзін қазақ зиялылары әрең дегенде арашалап қалды.



Газет ең алғаш 1988 жылы 1 шілдеде «Вечерканың» ішіндегі қосымша аудармасы болып жарық көрді. Бюллетень секілді хабарландыру, ресми ақпараттан көз сүрінетін айқара беттер оқырман есінде болар. Газет екі жылдан соң, 1990 жылы 17 ақпанда ғана дербес отау болып бөлініп шықты. Қазіргідей газет пен журнал қаптаған заман емес, ол жылдары қазақша басылымның жарық көруі деген сенсация, дүмпуге айналатын. «Алматы ақшамы» арпалыспен, азаппен жарық көрді. Әлі де Мәскеудің мысы басып, соған қарап қол жайып, бата сұрайтын кез. «Ақшамның» жеке-дара газет болып жарыққа шығуын-





# БАС БАСЫЛЫМЫ

## жақсылықтың жаршысына айналып келеді






да қоғам мен қауымды дүр сілкінтіп кел-ген айтыс өнері үлкен рөл атқарып кетті. 1989 жылы наурызда өткен айтыста Әсел-хан мен Әзімбектің сөз сайысына «Алма-ты ақшамы» арқау болды. Әселхан Қалы-бекова:

*Рахмет, құттықтаулар қаулар тағы,*
*Әйтсе де, басылмайды даулар жағы.*
*Әйтеуір зиялылар оқып жүр ғой,*
*Күніге «Вечеркадан» аударманы,* –

дейді. Сонда Әзімбек Жаңқұлиев:

*Жеңеше, жібердіңіз оталдырып,*
*Шын қайны Әселханға атандырып.*
*Сол «Ақшам» шіркін, жеңеше,*
*шықса, қайтер,*
*Бөлініп өз алдына отау құрып,* –

дейді жұлып алып. Осыдан кейін Сырбай Мәуленов пен Рахманқұл Бердібаев баста-ған ынталы топ құрылып, осы мәселеге қайта кіріседі. Міне, «Almaty aqshamy» осындай тартыспен, ұлтжанды азаматтар-дың табан тіреп, қажырлылық танытуы-ның арқасында дүниеге келген басылым. Оған белгілі журналист, білгір басшы Ис-ламғали Бейсебаев редактор болып таға-йындалды. Содан бері үзіліссіз шығып келе жатқан басылымға 1992–2005 жылдар аралығында қарымды қаламгер Ерғали Сағат жетекшілік етті. 2005–2020 жылдар аралығында көрнекті көсемсөзші Қали Сәрсенбай бас редактор болды. «Ақ-шамның» алғашқы толқынының өкілі, га-зетіміздің тағдырында өзіндік орны бар талантты журналист, өзі өмірден ерте озса да қайталанбас қолтаңбасымен қазақ поэ-зиясының антологиясына енген белгілі ақын Қайрат Әлімбек жырлағандай, «Еліміздің бақ-сәнін кіргізіп, талай-талай «ақтаңдақтарды» ашып, өмірге келген, халқына нұрын төккен «Almaty aqshamy» содан бері 35 жыл бойы жаңалықтың, жақ-сылықтың жаршысына айналып келеді.

2020 жылдан бері газетіміз өзінің бауырлас басылымы «Вечерний Almaty» газеті екеуі жаңадан құрылған «Alatau Aqparat» медиахолдингінің құрамына кірді. Бас директор Төлеміс Күлмұхамедов қос газеттің бағытын уақыт талабына сай жаңа арнаға бұрып, оқырманмен арадағы жанды байланысқа барынша көңіл қойды. 2023 жылғы сәуірде медиахолдингке жас буынның танымал өкілдерінің бірі Ержан Қалымбайұлы бас директор болып келісі-мен ұжымның жаңа стратегиялық бағдары қалыптасты, дәстүрлі журналистикаға да, заманауи өркениетті журналистика мен креативті көзқарасқа да сұрапыл серпін беретін тың бастамалдар мен ілкімді өз-герістер, қоғамдық сананы селт еткізер үмітке толы үрдістер қолға алынып жатыр. Бұлар – бөлек әңгіме желісі. Келешектің кілті.




Қоғамның сан саласын қамтитын 100-ден астам айдары бар «Almaty aqshamy» газеті бүгінде халық пен биліктің арасын-дағы шын мәніндегі алтын көпірге айна-лып отыр. Оқырмандармен екі арада да түрлі игі шаралар ұйымдастырылып келеді.

«Alatau Aqparat» ЖШС ұйымдастырған «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерінің тұрақты оқырмандарына ар-налған байқау, жалпы, газет оқырмандары арасында ұтыс ойынын өткізу де қос басы-лымның дәстүріне айналған. Қала тұрғын-дары ұтысқа қатысып, бақтарын сынайды.

Иә, газет тіршілігі қыз-қыз қайнап жа-тыр. Жанашыр оқырман көп болсын дейміз.

Оқырманмен байланыс дегеннен шыға-ды, газетіміздегі «Ақшам» арқылы айта-мыз» деген айдарымызды оқырмандардың өздері шығарып тұрады деуге болады. Қа-лада қандай мәселе бар, үйіңіздің жанында қандай өзгеріс болып жатыр – бәрі осы ай-дарымыздың жүгі. Қала тіршілігінің жақсы-лығы да, әттеген-айы да қатар өріліп отыра-тын бетте көтерілген мәселелерге орай тиісті орындар жауап беріп тұрады. Жанды байланыс, кері байланыс деген нәрселерді осыдан да аңғаруға болады. Жалпы, «Ақ-шам» кейінгі кезде оқырмандары ой сала-тын басылымға айналып келеді.







Суреттерді түсіргендер Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ, Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



## ДҮЙСЕНБІ
## 3 ШІЛДЕ

### ALMATY TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
6.45 Әсем әуен
7.45 Жаңалықтар/Новости
8.00 Таңғы студио (каз)
9.00 Алматы со вкусом
9.20 Мультфильмы
11.20 Мультфильм. Аспаз бен қой, Тапқыр баланың хикаялары
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген…»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Жаңа маусым! Алматы ән қанатында
16.00 Женский киноклуб
18.00 Мужской киноклуб
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген…»
21.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
22.00 Мужское кино
0.00 Телехикая. «Ханзада Ли Сон»
1.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
2.00 Шешімі бар
2.45 Өмір иірімі
3.25 Дала сазы
3.50 Алматы тұнған тарих
4.15 Алматинские истории
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

### QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TAŃSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPARAT
10.10 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
12.00 «Үміт пен үрей». Телехикая. (с субтитрами)
13.00 AQPARAT
13.10 «Тұлға». Деректі фильм
13.45 «Көңіл толқыны»
14.20 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
15.10 «Дара». Ұлттық білім бәйгесі
16.10 «Самалмен сырласу». Телехикая
17.00 AQPARAT
17.15 «АУЫЛДАСТАР»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая.
20.00 AQPARAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир
21.30 «ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.25 «Нартәуекел». Зияткерлік-сауықтық телевикторина
0.30 AQPARAT
1.05 «Сана»
2.25 «Самалмен сырласу». Телехикая
3.15 «Тұлға». Деректі фильм
3.45 «Күй-керуен»
4.20 «Жәдігер»
4.40 Әнұран

### ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 Мегахит. «Прежде, чем я усну»
07.00 Телехикая. «Шайқалған шаңырақ»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.30 Мультсериал. «Команда Дино»
12.00 Телехикая. «Мелек 2»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
16.00 Телесериал. «Виражи судьбы»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Мелек 2»
21.45 Телехикая. «Бозторғай»
23.00 «Ұйқым келмейді» Тікелей эфир!
00.00 «StartUp KZ»
01.00 ҚР Әнұраны

### 31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
06.30 What's up?
07.00 Ризамын
08.00 «Күлiп ALL»
09.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы (повтор)
10.00 «Құнсыз келін» үнді телехикаясы
11.00 Мультсериал «Команда «Мстители»
11.30 Мультсериал «Маша и медведь»
12.00 КИНО. Джет Ли в боевике «Бесстрашный» (повтор)
14.30 КИНО. Джейсон Стэйтем в боевике «Механик. Воскрешение» (повтор)
17.00 КИНО. Джеки Чан в комедийном боевике «Младенец на 30 млн $»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «50/50». Әлеуметтік ток-шоу. Тікелей эфир
22.00 КИНО. Сильвестр Сталлоне в фантастическом боевике «Судья Дредд»
00.10 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
01.20 «Анупама» үнді телехикаясы
02.00 КИНО. «Станция судьбы»
03.30 «31 әзіл»
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

### ЕВРАЗИЯ

6.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7.15 «П@УТINA» бағдарламасы
8.15 «KÓREMIZ» бағдарламасы
9.20 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.10 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
11.05 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12.05 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
13.10 Александр Балуев, Алексей Кравченко в многосерийном фильме «СПЕЦНАЗ»
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÓREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев, Андрей Зибров в многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 15»
0.45 Дмитрий Марьянов, Нонна Гришаева в многосерийном фильме «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ»
1.50 Ночной кинотеатр. «ВЕЛИКАЯ»
2.45 «НОВОСТИ»
2.50 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
4.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 4.30

### 7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
07.30 Т/п «Айна Online»
08.00 Jaidarman
09.00 Т/п «Гадалка»
09.40 Т/с «Хрустальная мечта»
14.30 Т/х «Boss әйел»
15.00 Скетчком «Q-елі»
15.40 Т/п «Той like»
17.00 Т/с «Родком»
18.00 Т/с «Нити судьбы»
20.00 Т/с «Жена олигарха»
21.00 Т/с «Первая отрицательная»
22.20 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
23.20 Т/х «Көзайым»
00.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
01.00 Т/п «Айна Online»
01.30 Jaidarman
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.20 Т/х «Япырай»
03.50 Т/п «Жеңіп көр»
05.20 Т/п «Қуырдақ»

### КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КЕТТІК ТОЙҒА»
07.30 «АЛТЫН БАҚ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.00 «НЕДЕЛИМОЕ», казахстанское кино (худ.фильм) (повтор)
10.50 «ЧУЖАЯ», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
15.00 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «БОЛЬШАЯ НАДЕЖДА», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.40 «ПЕРЕСУД», остросюжетный боевик (худ.сериал)
01.50 «НЕДЕЛИМОЕ» (повтор)
03.05 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.50 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы. С субтитрами на русском
04.20-04.50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

### QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы U-21 среди молодежных сборных. Англия – Германия
09.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
09.35 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Әйелдер) Хорватия – Канада
11.40 «Жеңіл салмақ жампозы». Біржан Жақыпов. Деректі фильм
12.10 БОКС. «Елорда Кубогы» халықаралық турнирі. Финал
16.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
16.30 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Әйелдер) Жапония – Түркия
18.35 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
19.05 «Karate Combat» турнирі
21.30 «Ұлттық спорт ұлықтаған чемпионат». Арнайы репортаж
21.50 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди юношей U-19. Польша – Португалия. Прямой эфир
23.55 ФУТБОЛ. УЕФА Европа Лигасының шолуы
00.45 Әнұран

### BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Бой сергіт!» ойын-сауықтық бағдарлама
7.15 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
7.40 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
8.05 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
8.30 Анимация. Отандық / «Көжектер»
9.00 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9.15 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
9.25 «Лесси» Мультхикая.
9.50 Анимация. Отандық / «Глобус»
9.55 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
10.20 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама.
10.35 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
11.00 «Суретші балапан» танымдық бағдарлама.
11.05 «Трансформерлер. Құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық / «Бөпе»
11.40 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Қамқор»
11.50 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»
12.00 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама.
12.05 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
12.35 «Құпия кітап» ситком.
12.55 «Зузудың достары» Мультхикая.
13.10 «Балапан жұлдыз» музыкалық бағдарлама
13.30 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
13.55 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
14.15 «Саядан хат» танымдық бағдарлама
14.35 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
15.00 «А4» ситком.
15.20 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
15.40 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15.55 Анимация. Отандық / «Глобус»
16.05 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
16.20 Анимация. Отандық / «Көжектер»
16.50 «Тәй-тәй шоу» ойын-сауықтық бағдарлама
17.15 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
17.40 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Қамқор»
17.45 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»
17.55 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
18.20 «Құпия кітап» ситком.
18.40 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
19.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
19.25 «Лесси» Мультхикая.
19.50 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
20.20 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
20.45 «А4» ситком.
21.05 «Зузудың достары» Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер. Құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық / «Бөпе»
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозыка»
22.45 «Саядан хат» танымдық бағдарлама
23.05 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
23.25 «Тәй-тәй шоу» ойын-сауықтық бағдарлама
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

### ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Практика 2» телесериал
10.10 «Қарлығаш ұя салғанда» телехикаясы
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Қара ниет» түрік телехикаясы
15.35 «Склифосовский 2» телесериал
18.00 «Узнай меня, если сможешь» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
22.50 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Узнай меня, если сможешь» телесериал

### TALIM TV

07.00 Views
08.10 Қышқыл мысқыл
09.00 Балалық шаққа саяхат
09.30 Проза параграфы
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 Қалақай
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.24 Dental planet
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Үлкен үй-1» – телехикая
17.00 Сау болайық
17.10 Айтыс. Алтын қор
18.00 Менің анам, әкем
18.20 Саморазвитие с Маржан-коуч
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
19.00 Тәлім trend
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 «Үлкен үй-1» – телехикая
22.00 «Бабалар сөзі – өсиет»
22.30 Автопортрет
22.55 Views



## СЕЙСЕНБІ 4 ШІЛДЕ

### Almaty tv АЛМАТЫ

6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
6.50 Мультфильмдер
7.45 Жаңалықтар/Новости
8.00 Таңғы студио (каз)
9.00 Алматы со вкусом
9.20 Мультфильмы
11.20 Мультфильм. Аспаз бен қой, Тапқыр баланың хикаялары,
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген…»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Әсем әуен
16.00 Женский киноклуб
18.00 Мужской киноклуб
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген…»
21.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
21.55 Мужское кино
23.55 Телехикая. «Ханзада Ли Сон»
0.55 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.55 Шешімі бар
2.40 Өмір иірімі
3.20 Дала сазы
3.45 Алматы тұнған тарих
4.10 Алматинские истории
4.35 Алматы кеші
5.50 ҚР Әнұраны

### QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPARAT
7.00 «TAŃSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPARAT
10.10 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
12.00 «Үміт пен үрей». Телехикая. (с субтитрами)
13.00 AQPARAT
13.10 «Ауылдастар»
13.50 «Көңіл толқыны»
14.25 «Қызық екен…»
15.25 «Әйел әлемі»
16.00 «Самалмен сырласу». Телехикая
17.00 AQPARAT
17.15 «АУЫЛДАСТАР»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая
20.00 AQPARAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир
21.30 «ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.25 «Нартәуекел». Зияткерлік-сауықтық телевикторина
0.30 AQPARAT
1.05 «Сана»
2.25 «Самалмен сырласу». Телехикая
3.15 «Әйел әлемі»
3.45 «Жәдігер»
4.05 Әнұран

### ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 Телесериал. «Виражи судьбы»
07.00 Телехикая. «Шайқалған шаңырақ»
10.00 Мультсериал. «Команда Дино»
12.00 Телехикая. «Мелек 2»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
16.00 Телесериал. «Виражи судьбы»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Мелек 2»
21.45 Телехикая. «Бозторғай»
23.00 Телесериал. «Ребенок на миллион»
01.00 ҚР Әнұраны

### 31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
06.30 What's up?
07.00 Информбюро (повтор)
08.00 «Күліп ALL»
09.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы (повтор)
10.00 «Құнсыз келін» үнді телехикаясы
11.00 Мультсериал «Команда «Мстители»
12.00 Мультсериал «Маша и медведь»
13.00 КИНО. Джеки Чан в комедийном боевике «Младенец на 30 млн $» (повтор)
16.00 КИНО. Сильвестр Сталлоне в фантастическом боевике «Судья Дредд» (повтор)
18.00 КИНО. Сирил Раффаэлли в боевике «13-й район»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «50/50». Әлеуметтік ток-шоу. Тікелей эфир
22.00 КИНО. Томас Джейн в боевике «Каратель»
00.50 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
01.50 «Анупама» үнді телехикаясы
02.30 «31 әзіл»
02.10 What's up?
02.30 Әзіл студио
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

### ЕВРАЗИЯ

6.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7.15 «П@YTINA» бағдарламасы
8.15 «KÖREMIZ» бағдарламасы
9.20 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.10 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
11.05 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12.05 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
13.10 Александр Балуев, Алексей Кравченко в многосерийном фильме «СПЕЦНАЗ»
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев, Андрей Зибров в многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 15»
0.45 Дмитрий Марьянов, Нонна Гришаева в многосерийном фильме «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ»
1.50 Ночной кинотеатр. «ВЕЛИКАЯ»
2.45 «НОВОСТИ»
2.50 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
4.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 4.30

### 7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
07.30 Т/п «Айна Online»
08.00 Jaidarman
09.00 Т/с «Нити судьбы»
11.10 Т/с «Жена олигарха»
12.20 Т/с «Женский доктор»
14.30 Т/х «Boss әйел»
15.00 Скетчком «Q-елі»
15.40 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
17.00 Т/с «Родком»
18.00 Т/с «Нити судьбы»
20.00 Т/с «Жена олигарха»
21.00 Т/с «Первая отрицательная»
22.20 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
23.20 Т/х «Көзайым»
00.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
01.00 Т/п «Айна Online»
01.30 Jaidarman
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.20 Т/х «Япырай»
03.50 Т/п «Жеңіп көр»
05.20 Т/п «Қуырдақ»

### KTK

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «АЛТЫН БАҚ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.50 «БЫЛО ДЕЛО»
10.40 «ПЕРЕСУД», остросюжетный боевик (повтор) (худ.сериал)
12.50 «БОЛЬШАЯ НАДЕЖДА», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «БОЛЬШАЯ НАДЕЖДА», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.40 «ПЕРЕСУД», остросюжетный боевик (худ.сериал)
01.55 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
02.30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.15 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы. С субтитрами на русском
04.15 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

### QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы U-21 среди молодежных сборных. 1/4 финал
09.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолу
09.30 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
20.00 КИНО. Джеки Чан в комедийном боевике «Новая полицейская история»
22.50 КИНО. Джон Траволта, Джонатан Риз Майерс в боевике «Из Парижа с любовью»
00.50 «Алдараспан»
02.50 What's up?
03.10 Әзіл студио
03.30 1001 Әзіл
03.40 Ризамын
04.20 «31 әзіл»
05.30 What's up?

### ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.45 «П@УТINA» бағдарламасы
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.00 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
9.50 Любовь Толкалина, Дмитрий Марьянов в многосерийном фильме «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2»
13.45 «ДОМ НАДЕЖДЫ». Многосерийный фильм
18.00 Николай Наумов, Аглая Шиловская в фильме «НЯНЬКИ»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Ольга Олексий, Михаил Химичев в многосерийном фильме «Я ТЕБЯ НАЙДУ»
1.20 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Летняя серия игр
2.30 «П@УТINA» бағдарламасы
3.15 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.00

### 7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.40 Jaidarman
08.30 Т/п «Жұлдыздың жары»
09.00 Т/п «Юморина»
12.00 Х/ф «Операция Алтын Адам»
14.00 Х/с «Голос ангела»
19.00 Х/с «Ищу тебя»
23.40 К/ф «Lemon» Күлпәштің хикаялары
02.15 Jaidarman
03.00 Т/п «Келесі кім?»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Жеңіп көр»
04.50 Т/п «Қуырдақ»

### КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»
08.00 «ШАНШАР»
09.30 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа
10.40 «НА КАЧЕЛЯХ СУДЬБЫ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.30 «ӨТКЕН КҮНДЕР». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
19.00 АСАН ПЕРДЕШОВТЫҢ ЖЕКЕ ӘН КЕШІ
21.00 «БЫЛО ДЕЛО»
22.00 «ЖЁНЫ НА ТРОПЕ ВОЙНЫ», мелодрама (худ.сериал)
02.10 «ЗАМУЖ В 30», казахстанское кино (худ.фильм)
03.50 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ» (қайталау)
04.40-05.00 АСАН ПЕРДЕШОВТЫҢ ЖЕКЕ ӘН КЕШІ (қайталау)

### KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 «Алыптар аламаны». Арнайы репортаж
07.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) АҚШ – Франция. Тікелей эфир
09.00 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Қытай – Канада. Тікелей эфир
11.10 ЖАМБЫ АТУ. Қазақстан Чемпионаты. Қазақ стилы
12.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Словения – Нидерланд. Тікелей эфир
15.05 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
15.35 «SUPER BOL!». 2 выпуск
16.25 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
16.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Жапония – Польша. Тікелей эфир
19.05 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
19.35 «Ұлттық спорт ұлықтаған чемпионат». Арнайы репортаж
19.55 ФУТБОЛ. ЮФЛК. «Ақсу» – «Атырау». Тікелей эфир
21.50 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди юношей U-19. Италия – Польша. Прямой эфир
23.55 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
00.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Куба – Иран. Тікелей эфир
02.25 Әнұран

### BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.40 Анимация. Отандық / «Сақалар»
8.00 «Адал достар» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Еркелер»
8.50 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
9.15 «Пэдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық / «Менің елім»
10.15 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
10.20 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
10.45 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
12.35 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
12.50 Анимация. Отандық / «Бөпе»
13.05 Анимация. Отандық / «Еркелер»
13.30 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
13.45 «Пэдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
14.10 Тұсаукесер! «Бала go!» юморлық бағдарлама.
14.25 Анимация. Отандық / «Еркетай»
15.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
15.25 Анимация. Отандық / «Томпи»
15.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.50 «Адал достар» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Баалақайлар»
16.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
16.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.15 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.30 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
17.40 «Лесси» Мультхикая.
18.10 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
18.25 Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
18.40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19.05 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.50 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
19.55 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
20.05 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
20.30 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
20.55 Анимация. Отандық / «Сақалар»
21.15 Анимация. Отандық / «Томпи»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Бөпе»
22.55 Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
23.10 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
23.40 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

### ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
08.20 «Семейное счастье» Индийское кино
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Келинка Сабина 2» Худ.фильм
15.00 «Алдараспан»
19.00 «Келинка Сабина» Худ.фильм
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Ангел-Хранитель» телесериал

### TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 «Баланы бала демеңіз» – Балалар уақыты
11.00 Қазақ спортының классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 ТамашаLike
13.24 Dental planet
13.30 Қазақы әңгіме
14.20 Өнер қырандары
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Тессаодағы тіршілік формуласы» – (1–2-бөлім)
16.20 «Майдангерлер» – Таласфильм
17.00 Сау болайық
17.10 Бір дубль
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Сырласайық
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 Ғибратты ғұмырлар
22.10 «Дос» – Таласфильм
22.30 Прүст сауалнамасы
22.55 Views



**«ШАШУ» Телехикаясы. «ХАБАР» арнасы. Сағат 16.30-да.**

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

# CHATGPT АРҚЫЛЫ

## миллионер болуға болады

**Finance Yahoo басылымы үндістандық қаржы сарапшысы Жаспреет Сингхтың «миллионер болу үшін ChatGPT–ті пайдалануға болады» деген пікірін басты. «ChatGPT–ті пайдалану сіздің миллионер болу арманыңызды тезірек жүзеге асырады» дейді қаржы сарапшысы Жаспрет Сингх. Сингх бұл қаржылық кеңес емес екенін де баса айтты.**




**Бейнеде Сингх қосымша ақша табу үшін ChatGPT пайдаланудың үш жолын баяндайды:**

***Жасанды интеллектті жасап жатқан компанияларға инвестиция салу.***

***Қосымша табыс әкелу немесе бизнес ақшаңызды үнемдеу үшін жасанды интеллект пайдалану.***

***Жасанды интеллект пайдаланатын компаниялардың бір бөлігіне иелік ету.***

### ЖИ-ге инвестиция салатын компаниялардың тізімі

Сингхтың айтуынша, бұл сұрақтың жауабын анықтаудың кілті ChatGPT-тен қандай компаниялардың ЖИ-ге инвестиция салатынын сұрап алу болып табылады. ChatGPT жасанды интеллектке инвестиция салатын компаниялардың тізімін ұсынады.

ChatGPT мәліметі бойынша, бұл тізімге Google, Amazon, Microsoft, Nvidia және IBM кіреді. Сингл ChatGPT компанияларының тізімін AI-ге сатып алатын ең үздік AI қорлары туралы Forbes мақаласымен салыстырады. Қорлардың бір бөлігіне Adobe, Amazon, IBM және Oracle жатады.

### Табысты арттыру маңызды

Сингх сондай-ақ, ChatGPT-ті әртүрлі тәсілдермен пайдаланатын басқа компанияларды ерекше атап өтті. Salesforce, мысалы, өзінің бәсекеге қабілетті ChatGPT-ін құрып жатыр, оны көп жалдамалы жұмысшыларды талап етпей-ақ өз өнімдерін сату үшін сату электрондық хаттарын жазу үшін пайдалануға болады.

### Жасанды интеллектке инвестиция салуға болады

Сингхтың айтуынша, егер сіз кәсіпкер болмасаңыз, ЖИ пайдаланатын компанияларға инвестиция салуға болады, стартап-компаниялар жақсы мысал болып табылады. Онлайн-платформалар, соның ішінде Republic, StartEngine немесе Wefunder, барлығы стартаптарға инвестиция салуға және ЖИ пайдаланатын компанияларға карауға мүмкіндік береді.

### Киберқауіпсіздік – уақыт талабы

Жасанды интеллекттің тез дамуымен бүкіл әлем бойынша интернет алаяқтардың құрбаны болған адамдар саны артып отыр. Киберқауіпсіздік жөніндегі сарапшы ABC News агенттігіне адамдардың өз отбасыларын және өздерін алаяқтықтан қорғау жолдары туралы айтып берді.

АҚШ-тағы ең ірі киберқауіпсіздік фирмаларының бірі Check Point Software Technologies компаниясының Пит Николетти тез дамып келе жатқан технологияны түсіндіру үшін тілші сұрақтарына жауап берді.

*«Жасанды интеллект сіздің суретіңізді алып кез келген апаттың ішіне, өрттің ортасына, алып дауылдың ішіне қоя салуы мүмкін. Ал сіздің сондай жағдайда тұрғаныңызды көрген жақындарыңыз кім не сұраса да беруге әзір тұрады»,* – дейді сарапшы.

Николетти сондай-ақ, қылмыскерлер дауыс үлгісінің небәрі 10 минутта көшірмесін жасап, сол дауыс арқылы әдетте ақша сұрап, жалған хабар жасау үшін ЖИ пайдалана алатынын түсіндірді.

«[Жалған хабар] дауыстық хабар ретінде келуі мүмкін», – деп атап өтті Николетти.

«Іс жүзінде сізге қоңырау шалуға және дауысыңызды пайдалануға болатын [] құралдар бар», – деп толықтырды Николетти.

Николетти отбасының барлық мүшелеріне алыс сапарға кетіп бара жатқан жақындарымен қарым-қатынас жасауға тырысқанда қолдануға болатын «қауіпсіз сөзді» қабылдауды ұсынды.

ФБР-дің бұрынғы арнайы агенті Рич Франкель жасанды интеллект киберқылмысын тоқтату қиын екенін айтып отыр.

«Мен құқық қорғау органдарын бірден шақырар едім, себебі егер бұл нағыз ұрлық болса, онда сіз құқық қорғау органдарының қатысуын қалайсыз», – деп атап өтті ол.

Сарапшылар әлеуметтік желілердегі парақшаларды барынша жабық жасауды ұсынады, себебі скамерлер белсенділікті қадағалай алады және адамның қашан, қайда саяхаттап жүргенін немесе отбасы мүшелерінен қай уақытта алыстап бара жатқанын біле алады, бұл оларды әр минут сайын жалған ақпарат жіберуге, әртүрлі сценарийлер жасауға алып келеді, дейді сарапшылар.

### Еуропарламент Жасанды интеллект туралы заңның ұстанымын қабылдады

Еуропарламент басым көпшілік дауыспен алдағы жасанды интеллект туралы заңға қатысты өз ұстанымын қабылдап жатыр.

Жасанды интеллект және оның зиян келтіру әлеуетін негізге ала отырып, реттеуге бағытталған және тәуекелге негізделген тәсілді ұстанады. Бұл ретте тәуекелі жоғары пайдалану жағдайларына қатаң нормативтік құқықтық актілер енгізу кезінде жол берілмейтін қауіп төндіретін қосымшаларға тыйым салынады.

Оксфорд бизнес колледжінің AI сарапшысы және оқытушысы доктор Вентсислав Иванов: *«Жасанды интеллектті реттеу – қазіргі заманның ең маңызды саяси сын-тегеуріндерінің бірі, ал ЕО-ны күнделікті өмірімізді төңкеріс жасап жатқан технологиялармен байланысты қауіп-қатерлерді азайтуға талпыныс жасағаны үшін құттықтау керек»,* – деді.

Бұл – үлкен ерлік дейді сарапшы.

«Әлемдік технологиялық компанияларды және басқа да мүдделі тараптарды қабылдау айдаһардың жеті басын шапқанмен бірдей», – дейді ол.

Еуропарламент ЖИ-де жасалған контент үшін міндетті таңбалауды енгізуді және авторлық құқықпен қамтылған оқыту деректерін ашуда мандатқа ие болуды көздеп отыр. Бұл қадам ChatGPT үлгі тұтқан генеративті ЖИ ретінде кеңінен назар аударды – Еуропалық комиссияны ЖИ ережелері бойынша халықаралық теңестіруді ынталандыру бойынша ақпараттық-түсіндіру бастамаларын іске қосуға итермеледі.

Парламент депутаттары «ЖИ туралы» Заңға бірнеше елеулі өзгерістер енгізді, оның ішінде сублимациялық тәсілдерді, биометриялық санаттауды, болжау қоғамдық тәртіпті сақтауды, интернетте сынған мойындау дерекқорларын, эмоцияны тану бағдарламалық қамтамасыз етуді қосу үшін тыйым салынған практикалар тізбесін кеңейту.

*«Apheris» компаниясының бас директоры Робин Рём: «ЕО-ның ЖИ туралы заңы бойынша пленарлық дауыс берудің өтуі ЖИ-ді реттеудегі елеулі кезеңді білдіреді, бірақ оған жауап бергеннен гөрі көбірек сұрақтар тудырады. Бұл стартаптарға бәсекелесуді қиындатады және инвесторлардың ЕО-да жұмыс істейтін компанияларға капиталды аз орналастыруын білдіреді»,* – деді.

*«Жасанды интеллект технологиясын құруға кететін шығындарды ескере отырып, капиталдың бизнеске ағылуына мүмкіндік беру өте маңызды, бірақ ЕО ұсынған реттеуге тәуекелге негізделген тәсіл еуропалық экожүйе үшін үлкен қосымша ауыртпалыққа әкелуі мүмкін және инвестициялаудың тартымдылығын төмендетеді»,* – дейді Робин.

*«Жақсы реттеудің кепілі инновацияларды тұншықтырмай, қауіпсіздік мәселелерін шешуді қамтамасыз ету болып табылады. ЕО бұған қол жеткізе ала ма, жоқ па, соны көру керек»,* – деп түйіндеді Рём.





**Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ, IT сарапшы, журналист.**

ЭКСПЕДИЦИЯ

# ЖАҢАШЫЛ БАЛАЛАР

## тағы да жолға шықты

**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

**Алматы қаласындағы химия–биология бағытындағы зияткерлік мектебінің оқушылары «Туған елге тағзым» жазғы өлкетану–зерттеулік экспедициясымен Іле Алатауы өңірінің көрнекті нысандарына жорыққа шықты. Бір аптаға созылатын экспедицияға жолдаманы мектептің үздік оқушылары ұтып алды.**



«Туған елге тағзым» – он жылдан астам уақыттан бері дәстүрге айналған, жас ұрпақтың академиялық және ғылыми жобалық іс-әрекеттерін біріктіруді жүзеге асыруға арналған бірегей эксперименталды алаң. Алматылық зияткерлер экспедицияның барысында өңірдің көрнекті жерлерін аралап қана қоймай, ғылыми жобалар портфолиоларын құнды ақпараттармен, зерттеулермен толықтырады.

Түрген шатқалының әйгілі Аюлы сарқырамасы оқушыларды жаңа ғылыми жобаларға шабыттандырып, жаңа идеяларға бастаған сыңайлы.

– Сарқырамаға барар жолдың жағдайына қарап, «Экотуризм» тақырыбында мобильдік қосымшаны әзірлеу туралы ой келді. Яғни ғылыми жобамыздың мақсаты – Қазақстандағы экотуризмді дамыту жолдарын қарастыру, – дейді 9-сынып оқушысы Арлан Қосан. Ал Арслан Базарбай:



– Аюлы сарқырамасына барар жол өте нашар, әрі ауыр екен. Өкінішке қарай, осындай жолдардың қозғалуы қиын жасы үлкен немесе мүмкіндігі шектеулі жандарға қиындық туындататары сөзсіз. Біздің топ осы туралы ойланып, онлайн-экскурсиялар жасау туралы ұйғарымға келді. Осы арқылы адам VR-көзілдіріктер киіп, өзін сол жердегідей сезіне алады. Бұл ғаламтордан суреттерді қарағаннан әлдеқайда қызығырақ. Жобамыз мүгедек жандарға да көмектесіп, оларға жақсы көңіл күй сыйлайтыны сөзсіз, – деген ойымен бөлісті.

Осындай зияткер балалар экспедиция көмегімен жылда шамамен жиырмаға жуық жаңа жоба бастап, зерттеу жүргізіп, сол жұмыстарымен республикалық деңгейде түрлі ғылыми байқауларға қатысып, әлеуметтік, техника, инновация саласында жаңалықтар ашуда. Бәрекелді дейміз. Жаңа Қазақстанды жасайтын осындай білімді жастар.

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# БИЛІК пен БАҚ

## бірлесіп жұмыс істесе, халықтың көптеген мәселесін шеше алады

**Қазақтың көрнекті қаламгері Шерхан Мұртаза «Журналистің арқалағаны – алтын, жегені – жантақ» деген бір ауыз сөз қалдырды. Осы бір ауыз сөздің төңірегінде талай сыр жатыр. Әлбетте, алдыңғы буын өкілдерінің іс-тәжірибесі, көргені мен түйгені мол. Қоғам тіршілігінің көшіне ілескен жас ұрпаққа айтар ойы да бар. Осы орайда Қазақстан Журналистер одағының төрағасы, медиаменеджер Сейітқазы МАТАЕВПЕН сұхбаттасқан едік.**








### ШЫНДЫҚ САЛТАНАТ ҚҰРҒАН ОРТАДА ӘДІЛДІКТІҢ АҚ ТУЫ ЖЕЛБІРЕЙДІ

**– Сейітқазы Бейсенғазыұлы, сіздің ойыңызша, «Әділетті Қазақстан» орнатуда әрбір жанның рөлі қандай болуы керек?**

– Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Әділетті Қазақстан» идеясы жүзеге асуда. Ендігі кезекте осы бастама іске аса берсе деген ниетіміз бар. Осыған байланысты өңірлерде түрлі жиындар өтуде. Бұл – өте дұрыс қадам! Бізге шындық ауадай қажет.

Бір нәрсені шегелеп айтайын. Шындық салтанат құрған ортада әділдіктің ақ туы желбірейді. Өзім журналистика саласында істегендіктен, жалғандықтан гөрі шындықтың кешігіп жететінін көрдік. Бірақ түбі адалдық орнайтынына көз жеткіздік. Иә, кейбір адамдардың бұл ойды түсінбеуі ықтимал. Алайда, уақыт өте келе бәрі өзгереді. Жалшы болсаң да, журналист болсаң да, ғалам адамы атансаң да бәрін заң бойынша істеген дұрыс. Сонда қоғам оңалады. Бұрынғыдан жеткен тәмсілге зер салсақ, «Ауруын жасырған өледі» дейді. Мейлінше кеткен кемшілікті түзеп, болашаққа бет бұрудан танбасақ дегім келеді. Өмір деген қас-қағым. Бұл жалғанда әр азамат өз Отаны үшін қолынан келген жақсылығын жасаса дейміз. Сонда ғана өркениетті елдердің қатарына қосыларымыз анық.

**– Қазақ журналистикасы қаншалықты қауқарлы? АҚШ, Европа журналистерімен салыстыруға бола ма?**

– Әрине, әбден болады. Бірақ қараңызшы, қай жағынан салыстырасыз, міне, мәселе сонда. Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция, Германияда БАҚ бұрыннан қауқарлы түрде жұмыс істеп келеді. Шамамен 2-3 ғасырдан бері бір жүйеге түсті. Олардың бізге қарағанда тәжірибелері де мол. Reuter, BBC агенттіктерінің де қауқары жоғары. Заңға бағынады, соның шеңберінде тірлік қылады.

Бүгінгі күні Қазақстан Журналистер одағына 6 мың кісі мүше болды. Филиалдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз. Елдегі БАҚ абыройын көтеруге атсалысып жүрміз. Бұйырса, алдағы ойларымызды іс жүзінде жүзеге асырсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

### МЫҚТЫ МЕНЕДЖЕР ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ БАҒЫН АШАДЫ

**– New York Times, Washington Post сияқты алпауыт газеттердің әлі күнге дейін атағы асқақтап тұр. Әлем елдерінің баспасөзіне үлгі болуда. Олардың дәуренінің бұлай жүріп тұруына не себеп?**

– Біз бір нәрсені ұғайық. Бәрі тәжірибемен келеді. Сөзіңіздің жаны бар. Шетел ақпарат құралдарының даңғылы, жөн-жосығы бөлек. Олар тиражға мән береді. Содан кейін бұл елдерде маркетолог, медиаменеджерлердің еңбегі ерекше зор. Қоғамдағы саяси-экономикалық, әлеуметтік саланы жақсы қамтиды. Мобильді жылдамдықпен қозғалады. Сапалы дүние жазады. Бірақ заңды аттамайды.

Бір кездері «Азаттық радиосымен» қатар бір ғимаратта отырдық. Иық тіресіп жұмыс істедік. Сонда байқағаным, шетел ақпарат құралдары белгілі бір «жарғы» бойынша істейді. Олар да жазуға «болатын» және «болмайтын» дейтін шекараны сақтайды. Мәселен, мүгедек жан туралы жазылмайтын көрінеді. Кейбірінің баласы аурушаң болуы мүмкін. Міне, осындай ережеге бағынады. Айтпағым, әр редакцияда ереже болуы керек. Демек, сөзден іске көшсек, газетті ғаламдық деңгейге көтере аламыз.

**– Сырт елде таңғы астың өзінде газет, журнал оқып отырғанын байқаймыз. Ал бізде газет оқылмайтын жағдайға жеткендей...**

– Оқырманды тартуға болады. Біздегі кілтипан – ұйымдастырушылықтың ақсап жатқанында. Әлгінде осының негізгі тетігін айтып өттім. Осы күні материалдар қызықсыз дейміз ғой. Шын мәнінде олай деп ойламаймын. Шетел басылымдарын зерделеп, аналитикалық талдау жасайық.

Материалдың құндылығы арта түсуі үшін саяси эксперт, әр сала бойынша сарапшы маман, қысқасы зерттеуші мамандарды тарту керек. Елдегі болып жатқан оқиғаға бей-жай қарамайтын, өз ойын ашық білдіретіндер көпті өзіне тартады. Бірақ жалғандық пен даңғазалыққа салынбаған жөн.

**– Бүгінгі журналистің қандай болғаны абзал?**

– Өзімнің өмірлік тәжірибеме сүйеніп ой айтсам, кеңестік кезеңде «Известия» газетінің Қазақстандағы меншікті тілшісі болдым. Мәскеуге барғанда бізді құрметтеп, материалдарымызды оқитын. Көбіне кәнігі корифейлер тәлім берді. Үйретті, іс-тәжірибесімен бөлісті. Осы сабақтастық әлі де қажет.

Журналист білімді болуы қажет. Тағы қайталап айтамын, заң бағытына қараса екен. Тілші заңды білсе, құқығын қорғайды. Ал журналистің құқығы қорғалса, қалған мамандық иелеріне де пайдасы болар еді.

**Сұхбаттасқан**
**Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

# «БОРЫШКЕР» ІС-ШАРАСЫ:

## Алматыда 73 миллион теңгеден астам қарызы бар 244 жүргізуші ұсталды

**Алматыда сот пен сот орындаушыларының қаулысы бойынша салық берешегі және басқа да берешегі бар көліктерді, сондай-ақ төленбеген әкімшілік айыппұлдары бар көліктерді анықтауға бағытталған «Борышкер» республикалық жедел-алдын алу іс-шарасы жалғасуда. Іс-шара жеке сот орындаушыларының және мемлекеттік кірістер Департаменті қызметкерлерінің қатысуымен жүзеге асырылады.**

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**



*«Алматы жолдарында ЖАІ басталғалы бері 244 көлік ұсталып, мамандандырылған айыппұл тұрағына орналастырылды, олардың иелерінің сот қаулысы және сот орындаушылары бойынша берешегі, сондай-ақ жалпы сомасы 73 млн 172 мың 124 теңгені құрайтын сомаға төленбеген әкімшілік айыппұлдары бар. Мәселен, қалада Ресей Федерациясында тіркелген «TOYOTA CAMRY» маркалы автокөлігі ұсталды, оның жүргізушісі 4 млн 574 мың 700 теңге сомасында 132 әкімшілік құқық бұзушылық жасаған»,* – деп хабарлады, Алматы қаласы ПД Әкімшілік полиция басқармасының басшысы, полиция подполковнигі Асхат Құлбаев.

Сондай-ақ, көлік құралдарын басқару құқығы жоқ 133 жүргізуші, бұрын көлік құралын басқару құқығынан айырылған 15 жүргізуші және жалған нөмір таққан 13 жүргізуші ұсталды.

КӨШІ-ҚОН

**Көші-қон қызметі «Алматы-1» теміржол вокзалында жүрген Тәжікстан азаматын құрықтады.**

# ЗАҢСЫЗ ЖҮРГЕН

## такси жүргізушісі ұсталды

*«Тәжікстаннан келген 25 жастағы Ш. есімді азамат Қазақстан Республикасында болу ережесін бұзған. Ол такси жүргізушісі болып жұмыс істеген, бірақ бұл дерек уақытша еңбек шартында көрсетілмеген. Тәртіп бұзушыға қатысты ҚР ӘҚбК-нің 517-бабының 5-бөлігімен хаттама толтырылды. Шетелдікті елден шығару мәселесін шешу үшін материал сотқа жіберілді. Сондай-ақ, автокөлік иесі ҚР ӘҚбК-нің 519-бабы 1-бөлігі бойынша жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар, көлік құралын басқаруға құқығы жоқ адамға көлікті айдауға бергені үшін оған ҚР ӘҚбК-нің 612-бабы 2-бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтырылды. Ал көлік мамандандырылған айыппұл тұрағына қойылды»,* – деді Алматы қалалық ПД Көші-қон қызметі басқармасының басшысы, полиция полковнигі Асхат Бутунчинов.

Полицияда, 19–25 маусым аралығында заңсыз жүрген шетелдіктерді анықтау, сондай-ақ заңсыз көші-қон арналарының жолын кесу мақсатында қала аумағында «Нелегал» жедел-алдын алу іс- шарасы жүргізілген еді.

**Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.**

ТІРКЕУ

# «МЕН МЕКТЕПКЕ БАРАМЫН»

## 1-сыныпқа қабылдауға 17 500-ден астам өтінім түскен

**Алматы қаласы Білім басқармасының мәліметінше, бүгінгі күнге дейін ең көп өтініш қазақ сыныбында оқытуға ниет білдірген отбасылардан түскен. Қазіргі таңда олардың саны шамамен 9000 баланы құрап отыр.**

Алматыда 2023 жылдың 1 сәуірінен бастап балаларды 1-сыныпқа тіркеу басталған, өтініш қабылдау 1 тамызға дейін жалғасады. Айта кетейік, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында қабылдау электрондық үкімет порталы арқылы онлайн жүзеге асырылады. Бұл ретте өтініш берушінің мектепте болуы талап етілмейді. Ата-аналарға ыңғайлы болу үшін құжаттарды дәстүрлі қағаз форматында да беруге болады. Айта кетерлігі, мемлекеттік қызмет көрсету Типтік ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда Алматының барлық мектептерінде алты жастағы балаларды және ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдау жүріп жатыр.

**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**

БӘРЕКЕЛДІ!

# КҮЙШІ ОРЫС БАЛАСЫ

## Алматыға Гран-примен оралды



**Жас күйші Тимурлан Васильев жуырда жаңа белесті бағындырды. 17 маусымда Түркия елінің Ыстамбұл қаласында 7–10 жас аралығындағы балалар арасында домбырадан өткен Халықаралық байқаудан Гран–при иеленіп қайтты. Оның көп баланың ішінен жұлдызын жаққан «Секіртпе» (авторы Абдулхамит Райымбергенов) мен «Ерке сылқым» (авторы Әбдімомын Желдібаев) күйлері болды.**

**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Қазақшасы судай тоғыз жастағы Тимурлан Алматыдай алып шаһарда дүниеге келген. Домбырада шебер ойнайды. Әке-шешесі де өнерлі жандар. Анасы Шохноза Құрбанова – халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әлем, Европа және басқа да халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы және жүлдегері.

Бүгінде «Спортты дамыту дирекциясында» спортшы-нұсқаушы болып еңбек етіп жүр. Әкесі Валерий Анатольевич те спортшы. Суасты спорты және қазіргі бессайыстан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Ол да «Спортты дамыту дирекциясында» суасты спортынан аға жаттықтырушы болып еңбек етеді.

Осындай жандардан туған кішкентай Тимурлан туралы әңгіме тіпті бөлек. Ол жуырда мегаполистегі №183 жалпы білім беретін мектептің 2 «а» сыныбын үздік бітірді. Орыс баласы қазақ сыныбында оқиды.

Үш жасынан бері ата-анасының тобында жүзумен айналысып келеді. Осынау кішкентай балдырған Қазақстанның Әнұранын шетел төрінде бірнеше мәрте желбіретті. Мәселен, былтыр Тайландта өткен балалар арасындағы халықаралық турнирде Пхукет өзенінде жүзуден 100 м қашықтықта жеңімпаз атанып, жеңісіне орай Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалды. 4*50 м эстафетасында да тағы да жеңіс үшін еліміздің Әнұраны шарықтады.

Тимурлан жүзумен айналысқан төрт жылы ішінде бас-аяғы 22 медаль жеңіп алған.

Кішкентай болса да үлкен де ауыр медальдарды көтеріп жүрген кеуделі, жақсылыққа ұмтылып жүретін, жаңашылдыққа құмар Тимурлан биыл екінші жыл «Роботтехника» студиясында оқып жатыр. Тыңнан түрен салып, жаңалықтар ашқысы келеді. Ол қазірдің өзінде «легодан» роботтар, түрлі көліктер, қайықтар, ғимараттар және басқа да фантастикалық жобалар құрастыра біледі.

Жан-жақты бала жанына қазақтың қоңыр домбырасын да серік еткен. Төрінде ата-анасы алып берген домбырасы тұрады. Қуанғанда немесе сәл жабырқап қалса, домбырасының құлақ күйін келтіріп, күй төгетіні бар. 2021–2023 жылдар аралығында республикалық және қалалық домбыра байқауларының бірнеше дүркін жеңімпазы атанды.

Бәрекелді! Қазақ елінде қазақша білім алып, қазақтың қасиетті домбырасын серік еткен балдырғанға сәттіліктер тілейміз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

**Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына!**

**2023 ж. 5 шілдеде, сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ. Алатау ауданы, «Алғабас» ықш. ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы:** Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би к-сі, 308-үй Ду800 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш. ауданы, Аксайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш. ауданы, «Ақсай 3», «Ақсай 3А» ықш. ауданы, «Ақсай 3Б» ықш. ауданы, «Ақсай 2» ықш. ауданы, Саин к. (Төле би және Қабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді **8 (727) 227-70-21** телефоны арқылы білуге болады.

**«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.**

**ЕГЕР:**

** мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

** бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

** әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
**8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

**ЕГЕР:**

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25. Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін**

# «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

**«ALMATY AQSHAMY»** – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

**«ALMATY AQSHAMY»** жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

| |
|---|
| **65503 (жеке жазылушылар үшін)**<br>1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге |
| **15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)**<br>1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге |
| **95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**<br>1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге |

**Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

ALATAY AQPARAT

Бас директор –
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**
**Қабылдау бөлмесі:**
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
**Төрехан ДАНИЯР**
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
**Серік ЖҰМАБАЕВ**
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
**Алия ЕСИМХАНОВА**
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**
**«Alatau Aqparat» ЖШС.**
**alatayaqparat@mail.ru**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**
**Апталық таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –**
**Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі,17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.**

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

# «ҮРКЕРДІҢ ТОЛҒАҒЫ»

## Әңгелек пісетін, бидай бас тартатын, таң ұзаратын кез

**Биыл жағытұрым басталғалы ауа райы көп құбылып тұр. Жылылығынан салқындығы басым түсуде. Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін шілденің – 6-сы. Ай жүйесі бойынша, шілденің – 18-і. Ал 40 күндік Шілде амалы болса, жартысына жуықтап қалды. Ол маусымның 24-іне басталған болатын. Қазақы есеп бойынша, шілде айының келуіне әлі 7 күн бар.**



**Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ**

Осы айдың 15, 16-сынан Үркердің толғағы амалы басталады. Ауа райының тұрақсыз болуы, күннің күрт салқындауы, жаңбырдың жиілеуі, бәрі-бәрі орын алуы әбден мүмкін. Үркер туған соң жер құрғайды, күн ысиды, шөптердің сабағы қатайып, өзі сарғаяды. Бұл малға да, жанға да жайлы кезең.

Табиғат тамыршысы атанған халқымызда Үркерге қатысты айтылған қанатты сөздері көп-ақ: «…үркер туса таң ұзарады, үркер құрғақ жерге түссе, аңызақ жел көп болып, қуаңшылық болады, үркер тасқа түссе, шілiңгір қатты ыстық болады, үркер көтерілсе, бидай бас тартады, үркер жерге түспей, жер қызбайды, үркер жерге түсерде қой қырқылады, үркер туса, сорпа қоюланады, қой семіреді, үркер көтерілсе, қошқар басын көтереді, үркер батқанда таутеке тастан ұшады», т.б. осындай пайымдар мен тұжырымдар толып жатыр. Қазір сорпа қоюланатын, әңгелек пісетін кез. Енді бір аптадан соң шілде қауын піседі. Осы амалдың кезінде малшылар кепешпен өлшеп аздаған тарыларын егетін болған. Киіз үйдің маңайына арық қазып, тасқын апатынан (селден) сақтанған.

«Шілденің» соңын ала шөп шабу науқаны басталады. Алғашқы орақ «шытыр», «қоңырбас» секілді тез қурап кететін шөптерге түседі. Қыста туған қозылар осы кезде «бағлан», «марқа» атанып, қоңы көтеріліп қалады.

«Арудан асқан жан бар ма?
Жылқыдан асқан мал бар ма?
Биенің сүті – сары бал,
Қымыздан асқан дәм бар ма?», –

деп Ақтамберді жырау толғағандай, қазіргі кезде ел жайлауларында құлын байланып, бие сауу басталды. Ал қымыздың жүздеген ауруға ем екені айтпаса да түсінікті.

…Ай жүйесі бойынша туған айдың бүгін 18-і. Ортасынан ауып барады. Биылғы жаз қанша тұрақсыз болып тұр десек те, жаз жылусыз емес. Әрине, өткен жылдарға қарағанда жаз айларының салқын болып тұрғанын жазып жүрміз. Алдағы аптада Алматы мен қала төңірегінде жауын-шашын сирек көрініс беруі ғажап емес. Күннің ыстығы «көтеріледі». Бас шілде амалы жүріп жатқандықтан жел мен сел апатынан сақ болған артықтық етпейді. Оқта-текте болса да жаңбыр жауы, күн күркүреуі ықтимал. Бірақ бәрібір ыстық сақталады.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

### БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

***Шілдеде:***

* *Көкек шақыруын қоймаса, жаз ұзаққа созылады.*
* *Ағаш жапырақтары сарғая бастаса, күз бен қыс ерте түседі.*
* *Аптап басталады.*
* *Жерді шық басқан «жылауық» күндер туады.*
* *Ауа ыстық болса, келер желтоқсан суық болады.*
* *Қымыздық бітік шықса, қыс жұмсақ болады.*
* *Арша гүлдеген кезде шілде аяқталып, тамыз туады.*

МАРАПАТ

# ЖУРНАЛИСТЕР ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ





Суреттерді түсіргендер Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ, Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**БАҚ қызметкерлері мерекесіне орай «Alatau Aqparat» медиахолдингі құрамындағы «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінің журналистері марапатталды.**

**Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев байланыс және ақпарат саласы қызметкерлерінің мерекесіне орай бірқатар БАҚ өкілдері басшыларын марапаттады. Соның ішінде Сенат төрағасының Алғыс хаттары «Almaty aqshamy» газетінің Бас редакторы Төрехан Данияров пен «Вечерний Almaty» газетінің Бас редакторы Евгений Рахымжановқа да берілді. Оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай табыстады.

Сондай-ақ тағы басқа марапаттарды табыстауға Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев, қазақ журналистикасының қара нары, Қоғамдық марапаттар жөніндегі республикалық кеңес Марапат алқасының төрағасы Марат Тоқашбаев, қалалық Amanat партиясының төрағасы Станислав Канкуровтың Алғыс хатын табыстауға орынбасары Айгерім Мұстафаева және т.б. келді.

Мұндағы мақсат – Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің еңбегін елеп, ақпарат саласында атқарып жатқан істерін қалың жұртқа паш ету, құрмет көрсету.

Салтанатты рәсімде Алматы қалалық мәслихатының Алғыс хаты «Alatau Aqparat» ЖШС Бас директорының орынбасары Гүлжазира Сейдахмедова, «Almaty aqshamy» газетінің жауапты хатшысы Серік Жұмабаев, тілші Гүлжанат Сембаева, медиахолдингтің коммерция бөлімінің жетекшісі Қуаныш Дюскалиев, жазылу және жарнама маманы Манарбек Ермуханов, «Вечерний Almaty» газеті Бас редакторының орынбасары Ирина Тулинова, жауапты хатшы Абдижамал Сапаркуловқа табысталды.

Алматы қалалық Amanat партиясының Алғыс хаты «Alatau Aqparat» медиахолдингі Бас директорының орынбасары Гүлжазира Сейдахметова, «Almaty aqshamy» газетінің «Қала тынысы» бөлімінің редакторы Нұржамал Әлішева, «Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің» редакторы Құралай Иманбекқызы, тілшілер – Гүлжанат Сембаева, Айнұр Сенбаева, Олжас Жолдыбай, фототілші Самат Құсайынов, «Вечерний Almaty» газетінің тілшілері Айгул Колумбетова, Куляш Тургазиева, Елена Соколова, Наргиз Рахимжан, Наталья Глушаева, фототілші Қайрат Қонысбаев, медиахолдингтің коммерция бөлімінің жетекшісі Қуаныш Дюскалиев, жазылу және жарнама маманы Манарбек Ермухановқа берілді.

Қоғамдық марапаттар жөніндегі Республикалық Кеңес Марапат алқасының «Қазақ журналистикасының қайраткері» медалімен Рая Ескендір марапатталды.

Сонымен қатар, Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры Серік Сейдуманов бастаған ұжым да құрмет көрсетті. Сондай-ақ, Қазақстан комсомолдарының «За отечество труд» төсбелгісі «Alatau Aqparat» медиахолдингі Бас директорының орынбасары Гүлжазира Сейдахмедова, «Almaty aqshamy» сайтының тілшісі Ақтолқын Тұрлығазы, газет тілшісі Олжас Жолдыбай, «Вечерний Almaty» газетінің журналистері Айгул Колумбетова, Куляш Тургазиеваға табыс етілді.

| ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 495,68 теңге | $ USD/KZT 454,13 теңге | ₽ RUB/KZT 5,22 теңге | ¥ CNY/KZT 62,69 теңге |
| --- | --- | --- | --- | --- |